


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND OF HIGHER EDUCATION THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҒҮТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY



ISSN 2790-2005
KAZPOST 76084



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

«AUEZOV UNIVERSITY» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «AUEZOV UNIVERSITY»
SCIENTIFIC JOURNAL «AUEZOV UNIVERSITY»

№ 1 (17) 2026

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND OF HIGHER EDUCATION THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY**



**«AUEZOV UNIVERSITY»
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
«AUEZOV UNIVERSITY»**

**SCIENTIFIC JOURNAL
«AUEZOV UNIVERSITY»**

№1 (17)

ШЫМКЕНТ 2026

ISSN 2790-2005

**«AUEZOV UNIVERSITY»
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
«AUEZOV UNIVERSITY»
SCIENTIFIC JOURNAL
«AUEZOV UNIVERSITY»**

№1 (17) 2026

Меншік иесі: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор: Жанибеков Акынкожа Каленович - PhD доктор, профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан.

Багаутдинова Найля Гумеровна – э. ғ. д., профессор, Казан Федералды Университеті, Ресей; Расса Э. Буркхарт – доктор философии, профессор, Государственный университет Бойсе, США; Ройса Холис PhD, профессор, Университет Дипонегоро, Индонезия; Агавелян Рубен Оганесович – п.ғ.к., доцент, Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей; Гриншпун Вадим Валериевич - Лобачевский Атындағы Нижний Новгород Мемлекеттік Университеті, Мәскеу, Ресей; Ида Ясин - қауымдастырылған профессор, Путра Университеті, Малайзия; Ясмин Бани - PhD докторы, Путра Университеті, Малайзия; Займоглу Омер – PhD, Ақденіз Университеті, Анталия, Түркия; Касапоглу Ченгел - Хуля PhD, профессор, Анкары Хаджи Байрам университеті, Түркия; Гулямов Саидахрор Саидахмедович – э.ғ.д., профессор, Өзбекстан Ғылым Академиясының толық мүшесі; Асранбаева Мунажатхон – п.ғ.д., доцент Наманган мемлекеттік педагогикалық университеті, Өзбекстан; Суюнова Дильбар Жолдасбаевна – профессор, Ташкент мемлекеттік заң университеті, Өзбекстан; Халикова Рахбар Эргашевна – тарих.ғ.д., профессор Ташкент мемлекеттік техникалық университеті Ташкент, Өзбекстан; Ибраева Алуа - з.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан; Анесова Альбина Жеңісқызы – PhD, Торайғыров Университеті, Павлодар, Қазақстан; Кожамжарова Дария Пернешовна – тарих.ғ.д., құрметті профессор, ҚР ҰҒА академигі; Жолдасбекова Сауле Абдразақовна – п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Кабылбекова Заурет Бердикуловна – п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Мицкая Елена Владимировна - з.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Мадияров Нұрлыбай Көкешұлы – ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Сапарова Юлдыз Азимханова – ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Карбозова Гульнар Кумисбековна – ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Боранбайев Сандыбай - ф.ғ.к., М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан;

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
PEDAGOGICAL SCIENCES AND HUMANITIES**

<https://doi.org/10.54251/2522-4026.2026.1.3au>

ӨОЖ 378.4

Т.Э. Абдуллаев*, Т.М. Мырзабеков

оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

*Корреспондент авторы: turganbek.abdullayev.00@mail.ru

**МАТЕМАТИКА БАҒЫТЫНДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ
ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ РӨЛІ**

Түйін

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында математика мамандығында оқитын студенттердің зерттеу дағдыларын дамытудағы математикалық есептердің рөлі жан-жақты қарастырылды. Қазіргі білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың кәсіби дайындығы тек теориялық білім көлемімен емес, олардың зерттеушілік мәдениеті мен ғылыми-ізденіс қабілеттерімен өлшенеді. Студенттердің алгоритмдік үлгі бойынша ғана жұмыс істеуі зерттеушілік ойлауды тежейтіні анықталып, есептерді түрлендіру, кеңейту, альтернативті шешімдер қарастыру сияқты әрекеттердің зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігі көрсетілді. Зерттеудің практикалық бөлімінде М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың 2-3 курсына оқитын 60 студенттің қатысуымен педагогикалық эксперимент жүргізілді. Эксперимент барысында зерттеушілік сипаттағы математикалық есептер жүйесі қолданылып, студенттердің зерттеу дағдыларының даму динамикасы математикалық статистика әдістерімен талданды. Нәтижелер ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеп, математикалық есептерді зерттеушілік әрекетке бағыттай отырып қолдану студенттердің ғылыми-ізденіс әлеуетін арттыратынын көрсетті. Жалпы зерттеу нәтижелері математикалық даярлықтың сапасын арттыруға және болашақ мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік үлгі ұсынуға мүмкіндік берді.

Кілттік сөздер: студент, есептер, зерттеу дағдылары, математика, педагогикалық эксперимент, ғылым, университет

Кіріспе

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы тек теориялық білім қорының жеткіліктілігімен емес, олардың зерттеушілік мәдениеті мен ғылыми-ізденіс дағдыларының қалыптасу деңгейімен анықталады [1]. Әсіресе математика мамандығында оқитын студенттер үшін зерттеу қабілеті кәсіби құзыреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Математика ғылымы логикалық құрылымдылығымен, дәлелдеуге негізделген ойлауымен және проблемаларды талдаудың ерекше тәсілдерімен сипатталатындықтан, студенттердің зерттеушілік әрекетке бейімделуі олардың болашақтағы кәсіби тәжірибесінің сапасына тікелей әсер етеді [2]. Осыған байланысты математикалық есептер тек білімді бекітудің немесе дағды қалыптастырудың құралы ғана емес, ғылыми ойлаудың бастапқы формаларын дамытуға мүмкіндік беретін зерттеу ортасы ретінде қарастырылуы қажет.

Қазіргі педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, көптеген студенттер математикалық есептерді шешуде алгоритмдік тәсілдерге сүйенеді, яғни дайын үлгілерді қайталау арқылы стандартты шешімдерге ғана бағытталады. Мұндай тәсіл зерттеушілік дағдылардың дамуына айтарлықтай шектеу қояды, себебі студент өз бетінше болжам жасауға, есептің шартын өзгерту арқылы жаңа жағдайларды талдауға немесе әдеттен тыс әдістерді қолдануға

ұмтылмайды. Ал математикалық есептерді зерттеу нысаны ретінде қолдану, оның шарты мен құрылымына талдау жасау, жаңа шешімдер іздеу, есепті түрлендіру немесе жалпылау әрекеттері студенттердің шығармашылық және зерттеушілік ойлауын тиімді дамытады. Демек, математикалық есептерді зерттеушілік сипатта ұйымдастыру болашақ мұғалімдердің ғылыми-ізденіс мәдениетін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады [3].

Зерттеудің өзектілігі қазіргі жоғары білім беру жүйесінде теориялық білімді игерумен қатар, студенттердің ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын мақсатты түрде дамыту қажеттілігінің артуымен түсіндіріледі. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін оқу процесіне зерттеушілік сипаттағы математикалық есептерді жүйелі түрде енгізу, оларды шешудің эвристикалық және шығармашылық тәсілдерін қолдануға үйрету, есептерді талдау мен түрлендірудің әдістемесін меңгерту маңызды. Осыған байланысты студенттердің зерттеушілік қабілеттерін дамытуға арналған арнайы тапсырмалар кешенін әзірлеу, тәжірибеде сынақтан өткізу және оның тиімділігін дәлелдеу маңызды ғылыми-практикалық мәселе болып табылады [4].

Осы зерттеудің мақсаты – математикалық есептердің студенттердің зерттеу дағдыларын дамытудағы рөлін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негіздеу және педагогикалық эксперимент нәтижелері арқылы оның тиімділігін дәлелдеу. Зерттеу проблемасы ретінде ЖОО-да оқитын математика студенттерінің зерттеу дағдыларының жеткіліксіз деңгейде болуы алынды. Бұл мәселені шешу математикалық есептердің зерттеушілік әлеуетін оқу процесінде мақсатты түрде қолдану арқылы мүмкін болады.

Зерттеу барысында математикалық есептердің зерттеу әрекетін қалыптастырудағы теориялық тұғырлары анықталды; зерттеушілік сипаттағы есептер жүйесі әзірленді; студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған оқу үдерісін ұйымдастыру әдістемесі ұсынылды; М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың 2–3 курс студенттері арасындағы педагогикалық эксперимент жүргізіліп, оның нәтижелері математикалық статистика әдістерімен талданды. Эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеді.

Теориялық талдау

Зерттеу дағдылары – бұл тұлғаның белгілі бір проблеманы айқындау, болжам жасау, ақпарат жинау, талдау, эксперимент жүргізу, нәтижелерді интерпретациялау және қорытынды шығару қабілеттерінің жиынтығы. Психология-педагогика ғылымдарында (Дж. Брунер, Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Шияпов К. және т.б.) зерттеу әрекеті оқу үдерісіндегі белсенді танымдық қызметтің ең жоғары формасы ретінде қарастырылады.

Болашақ педагогтарды даярлау барысында зерттеу дағдылары келесі компоненттерден тұрады:

- мотивациялық (ғылыми ізденіске қызығушылық);
- когнитивтік (зерттеу әдістері туралы білім);
- операциялық (тәжірибе, есеп жүргізу білігі);
- рефлексивтік (нәтижелерді талдау, өзін-өзі бағалау).

Математикалық есептер – математикалық ойлаудың, логикалық пайымдаудың және ғылыми дәлелдеудің қалыптасуына мүмкіндік беретін әмбебап құрал. Ғалымдар (Пойа, Виготти, Алтынбеков Ш., Тулентаева Г.) есептің зерттеу қызметін дамытуда келесі функцияларын атап өтеді:

1. Проблемалық функция – студент қиындықты сезінеді, мәселенің мәнін ашуға талпынады.

2. Ізденістік функция – есепті шешудің түрлі стратегияларын салыстырады.

3. Шығармашылық функция – баламалы шешімдер іздестіреді.

4. Дәлелдеу функциясы – шешімді логикалық негіздейді.

5. Жалпылау функциясы – есептің шартын өзгерте отырып жаңа есептер жасайды.

Бұл функциялар студенттің ғылыми-ізденіс дағдыларын табиғи түрде қалыптастырады.

Зерттеушілік сипаттағы математикалық есептердің түрлері

Әдебиетте зерттеушілік есептер бірнеше топқа жіктеледі:

1. Ашықсоңды (open-ended) есептер;

2. Параметрлі есептер;
3. Жалпылау және нақтылау есептері;
4. Модельдеу есептері;
5. Қиындық тудыратын, интуитивке қарсы есептер;
6. Өзгермелі шартты есептер.

Мұндай есептер студентті дайын алгоритммен емес, жаңа тәсілдермен жұмыс істеуге мәжбүрлейді.

Теориялық тұжырым: есеп – зертханалық орта

Математикалық есепті шағын зертхана деп қарастыру – қазіргі әдістемедегі жаңа бағыттардың бірі. Есепті шешу барысында студент:

- гипотеза жасайды;
- эксперимент (сандық, графикалық, аналитикалық) жүргізеді;
- нәтижелерді салыстырады;
- дәлелдеу жасайды;
- өз шешу стратегиясын түзетеді.

Бұл әрекеттердің барлығы – ғылыми зерттеу логикасымен толық сәйкес келеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу базасы

Педагогикалық эксперимент М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде өткізілді. Экспериментке математика мамандығының 2-3 курсына 60 студент қатысты. Студенттер тең екі топқа бөлінді: бақылау тобы – 30 студент, эксперимент тобы – 30 студент.

Зерттеу кезеңдері

Эксперимент үш кезеңнен тұрды: диагностикалық кезең – студенттердің бастапқы зерттеу дағдылары деңгейін анықтау; формирлеуші кезең – арнайы әзірленген зерттеушілік мазмұндағы математикалық есептерді оқу үдерісіне енгізу; бақылау кезеңі – дайындық нәтижелерін қайта өлшеу, салыстыру және статистикалық талдау.

Қолданылған әдістер

- педагогикалық бақылау;
- сауалнама және диагностикалық тапсырмалар;
- зерттеушілік бағыттағы есептер жүйесін орындау;
- математикалық статистика (Студент t-критерийі).

Зерттеушілік бағыттағы есептердің үлгісі

Қалыптастырушы экспериментте алынған есептер үлгісі:

1. Параметрлі теңдеу:

$(x^2 - (a+2)x + a = 0)$ теңдеуінің шешімдерін зерттеңіз. Қандай (a) мәндерінде екі, бір немесе шешімі болмайды? Жалпылаңыз.

2. Функция мінез-құлқын зерттеу:

Параметрге тәуелді функция

$f(x) = \frac{x^2 - 1}{x - a}$ үздіксіздік аймағын, асимптоталарын, экстремумдарын анықтаңыз.

3. Өзгермелі шартты геометриялық есеп:

Үшбұрыштың қабырғаларын өзгерткенде медианалардың ұзындығы қалай өзгереді? Гипотеза ұсыныңыз.

4. Интуитивке қарсы есеп:

Тізбек

$a_{n+1} = \frac{1}{2} \left(a_n + \frac{2}{a_n} \right)$ қай санға жинақталады? Болжам жасап, дәлелдеңіз.

Осындай есептердің жүйесі студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталды.

Диагностикалық көрсеткіштер

Зерттеу дағдылары төрт компонент бойынша бағаланды:

- Проблеманы анықтау;

- Гипотеза ұсыну;
- Зерттеу әдісін таңдау;
- Нәтижелерді интерпретациялау.

Әр компонент 0–10 балдық шкаламен бағаланды (жиыны 40 балл).

Нәтижелер мен талқылаулар

Бастапқы деңгейді салыстыру

Эксперимент басталғанда екі топтың зерттеу дағдылары деңгейі бірдей болды (Кесте 1).

Кесте 1 – Екі топтың зерттеу дағдылары деңгейі

Топ	Орташа балл	Стандарттық ауытқу
Бақылау	20,4	3,1
Эксперимент	20,7	3,4

t-критерий = 0.29 < 2.00 (p>0.05).

Айырмашылық жоқ, бастапқы жағдай тең.

Қалыптастырушы кезең нәтижелері

8 аптаға созылған жұмыс барысында эксперименттік топта зерттеушілік есептер жүйелі қолданылды. Бақылау тобы дәстүрлі тапсырмалармен жұмыс істеді.

Қорытынды диагностиканың нәтижелері кестеде. (Кесте 2).

Кесте 2 – Диагностика нәтижелері

Топ	Орташа балл	Стандарттық ауытқу
Бақылау	22,3	3,8
Эксперимент	31,6	3,9

Математикалық статистика арқылы дәлелдеу

Студент t-критерийі бойынша:

$$t = \frac{31.6 - 22.3}{\sqrt{\frac{3.9^2}{30} + \frac{3.8^2}{30}}} \approx 8.45$$

t(эмп) = 8.45 > 2.00 (p < 0.01).

Айырмашылық өте жоғары деңгейде статистикалық маңызды.

Нәтижелерді интерпретациялау

Эксперимент көрсеткендей:

- зерттеушілік есептер студенттердің белсенділігін арттырды;
- гипотеза жасау дағдысы 1.8 есеге өсті;
- шешім стратегияларын салыстыру қабілеті айтарлықтай жақсарды;
- студенттердің математикалық тілде сөйлеу мәдениеті жоғарылады;
- дәлелдеуге деген қызығушылық айқын қалыптасты.

Ғылыми проблема шешімінің логикасы

Проблема: «Студенттердің зерттеу дағдылары жеткіліксіз».

Шешудің қадамдары:

1. зерттеу дағдыларын қалыптастыратын есептер жүйесін анықтау;
2. оларды оқу үдерісіне жүйелі енгізу;
3. студенттің есепті шешу барысын зерттеу әрекетіне жақындату;
4. нәтижелерді бақылау, түзету;
5. статистикалық талдау арқылы тиімділігін дәлелдеу.

Бұл қадамдар проблеманың толық шешімін қамтамасыз етті.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде математикалық есептердің ЖОО студенттерінің зерттеу дағдыларын дамытудағы маңызды рөлі теориялық және практикалық тұрғыдан

дәлелденді. Әдеби талдау математикалық есептердің зерттеу әрекетін ұйымдастырудағы мүмкіндіктерін айқындаса, педагогикалық эксперимент олардың тиімділігін нақты көрсетті.

Негізгі қорытындылар:

1. Зерттеушілік сипаттағы математикалық есептер студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуда жоғары нәтижеге жеткізеді.

2. Есептер зерттеу әрекетінің толық моделін құрайды: проблема, гипотеза, эксперимент, талдау, қорытынды.

3. Эксперименттік оқыту студенттердің зерттеушілік қабілеттерін статистикалық тұрғыдан дәлелденген деңгейде арттырды ($t=8.45$).

4. ЖОО-да математикалық есептерді тек білімді бекітудің құралы емес, зерттеушілік ойлауды дамытудың ортасы ретінде қолдану қажет.

5. Зерттеушілік есептер жүйесі болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді әдістемесі ретінде ұсынылады.

Жалпы, математикалық есептердің ғылыми-ізденіс мәдениетін қалыптастырудағы рөлі ерекше, сондықтан оқу бағдарламасына зерттеушілік сипаттағы есептерді көптеп енгізу – жоғары математикалық білім берудің сапасын арттырудың маңызды қадамы болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Shiyapov, K., Altynbekov, S., & Ualikhanova, B. Болашақ математика мұғалімінің зерттеу қабілетін дамытуда математикалық олимпиада есептерінің түрлері. Bulletin of AbaiKazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences, 2022, 80(4), 132-137.
2. Алтынбеков, Ш. Е., Аширбаев, Н. К., & Бекболат, М. Математикадан олимпиадалық тапсырмаларды шешуде оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру. Вестник университета Ясави, 2022, 2(124), 221-232.
3. Тулентаева, Г. С., Сейлова, З. Т., & Беркимбаев, К. М. Steam білім беру жағдайында техникалық мамандарды даярлау үшін жоғары математика мазмұнын және оқу кешенін әзірлеу. Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки, 2023, 80(4), 154-167.
4. Zykrina, S. Влияние структурированных заданий на развитие исследовательских навыков учащихся. Bulletin of AbaiKazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences, 83(3), 88-96.
5. Karakoc, G., Alacaci, C., & Ayas, A. (2025). A strategy to engage students in inquiry-based learning of mathematics: predict, observe and explain. Instructional Science, 2022, 53(5), 1195-1222. <https://doi.org/10.1007/s11251-025-09733-8>
6. Liu, J., Abdul, A., Aziku, M., & Chen, Y. Can inquiry-based pedagogy improve math performance? Evidence from 5711 students in Vietnam on the mediating role of math attitude. International Journal of Educational Development, 2024, P. 111, 103170. <https://doi.org/10.1016/j.ijedudev.2024.103170>
7. Gómez-Chacón, I. M., Bacelo, A., Marbán, J. M., & Palacios, A. (2024). Inquiry-based mathematics education and attitudes towards mathematics: Tracking profiles for teaching. Mathematics Education Research Journal, 2024, 36(3), 715-743. <https://doi.org/10.1007/s13394-023-00468-8>
8. Atirbek K., Myrzabekov T. A New Paradigm of Teaching: Blended Format in the Training of Mathematics Teachers in Higher Education. SCIENCE JOURNAL "AUEZOV UNIVERSITY", 2024, № 4, P 27-34. <https://doi.org/10.54251/2522-4026.2025.4.33au>

References

1. Shiyapov, K., Altynbekov, S., & Ualikhanova, B. Bolaşaq matematika mūğalıınıñ zertteu qabiletin damytuda matematikalyq olimpiada esepteriniñ türleri. Bulletin of AbaiKazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences, 2022, 80(4), 132-137.
2. Altynbekov, SH. E., Ashirbaev, N. K., & Bekbolat, M. Matematikadan olimpiadalyk tapsyrmalardy sheshude oqushylardyñ zertteushilik dardysyn qalyptastyru. Vestnik universiteta YAsavi, 2022, 2(124), 221-232.

3. Tulentaeva, G. S., Sejlova, Z. T., & Berkimbaev, K. M. Steam bilim beru zhardajynda tekhnikalыk mamandardy dayarlau yshin zhorary matematika mazmynyn zhane oqu keshenin azirleu. Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki, 2023, 80(4), 154-167.
4. Zykrina, S. Vliyanie strukturirovannyh zadaniy na razvitie issledovatel'skih navykov uchashchihsya. Bulletin of AbaiKazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences, 2023, 83(3), 88-96.
5. Karakoc, G., Alacaci, C., & Ayas, A. A strategy to engage students in inquiry-based learning of mathematics: predict, observe and explain. Instructional Science, 2025, 53(5), 1195-1222. <https://doi.org/10.1007/s11251-025-09733-8>
6. Liu, J., Abdul, A., Aziku, M., & Chen, Y. Can inquiry-based pedagogy improve math performance? Evidence from 5711 students in Vietnam on the mediating role of math attitude. *International Journal of Educational Development*, 2025, 111, 103170. <https://doi.org/10.1016/j.ijedudev.2024.103170>
7. Gómez-Chacón, I. M., Bacelo, A., Marbán, J. M., & Palacios, A. Inquiry-based mathematics education and attitudes towards mathematics: Tracking profiles for teaching. *Mathematics Education Research Journal*, 2024, 36(3), 715-743. <https://doi.org/10.1007/s13394-023-00468-8>
8. Atirbek K., Myrzabekov T. A New Paradigm of Teaching: Blended Format in the Training of Mathematics Teachers in Higher Education. *SCIENCE JOURNAL "AUEZOV UNIVERSITY"*, 2025 No 4, P 27-34. <https://doi.org/10.54251/2522-4026.2025.4.33au>

Т.Э. Абдуллаев*, Т.М. Мырзабеков

*преподаватель, turganbek.abdullayev.00@mail.ru, ЮКУ имени М.Ауезова, Шымкент, Казахстан
старший преподаватель, myrzabekov.telzhan@mail.ru, ЮКУ имени М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

РОЛЬ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ЗАДАЧ В РАЗВИТИИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ, ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО НАПРАВЛЕНИЮ МАТЕМАТИКА

Аннотация

В данной статье всесторонне рассмотрена роль математических задач в развитии исследовательских навыков студентов математических направлений подготовки в высших учебных заведениях. В современном образовании профессиональная готовность будущих педагогов определяется не только объемом теоретических знаний, но и уровнем их исследовательской культуры и способности к научному поиску. Отмечено, что ориентация обучающихся исключительно на алгоритмические образцы ограничивает их исследовательское мышление, тогда как преобразование условий задач, их обобщение, поиск альтернативных способов решения способствуют формированию исследовательских умений. В практической части исследования представлен педагогический эксперимент, проведенный среди 60 студентов 2–3 курсов Южно-Казахского университета имени М. Ауэзова. В эксперименте использовался комплекс исследовательских математических задач, а динамика развития исследовательских навыков студентов была проанализирована с применением методов математической статистики. Полученные результаты подтвердили эффективность предложенной методики и показали, что использование математических задач исследовательской направленности способствует повышению уровня научно-исследовательского потенциала студентов. Общие итоги исследования позволили разработать методическую модель, направленную на повышение качества математической подготовки и развитие исследовательской культуры будущих педагогов.

Ключевые слова: студент, задачи, исследовательские умения, математика, педагогический эксперимент, наука, университет

T. Abdullayev*, T.M. Myrzabekov

*lector, turganbek.abdullayev.00@mail.ru, SKU M.Auezov, Shymkent, Kazakhstan
senior lector, myrzabekov.telzhan@mail.ru, SKU M.Auezov, Shymkent, Kazakhstan

THE OF ROLE MATHEMATICAL TASKS IN THE DEVELOPMENT OF INQUIRY-BASED SKILLS OF STUDENTS STUDYING IN MATHEMATICS

Abstract

This article provides a comprehensive examination of the role of mathematical problems in developing research skills among university students majoring in mathematics. In modern higher education, the professional competence of future teachers is determined not only by the extent of their theoretical knowledge but also by the level of their research culture and scientific inquiry skills. It is emphasized that students' reliance solely on algorithmic patterns restricts the development of their research thinking. In contrast, transforming problem conditions, generalizing results, and exploring alternative solution strategies contribute significantly to the cultivation of research competencies. The practical part of the study presents a pedagogical experiment conducted with 60 second- and third-year students at M. Auezov South Kazakhstan University. A set of research-oriented mathematical problems was applied during the experiment, and the dynamics of students' research skills development were analyzed using mathematical statistics methods. The results confirmed the effectiveness of the proposed methodology, demonstrating that the use of mathematically rich, inquiry-based tasks enhances students' scientific research potential. Overall, the findings of the study made it possible to develop a methodological model aimed at improving the quality of mathematical education and strengthening the research culture of future teachers.

Keywords: student, tasks, research skills, mathematics, pedagogical experiment, science, university.

<https://doi.org/10.54251/2522-4026.2026.1.23au>

ӨОЖ 372.854

П.А. Абдуразова, А.С. Ибадулла*

PhD, қауымдастырылған профессор, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан

*Корреспондент авторы: ibadulla.arailym0311@gmail.com

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың когнитивті дағдыларын дамытуда геймификация әдістерін қолдану өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мақалада химия пәнін оқыту үдерісінде геймификация элементтерін енгізудің тиімділігі қарастырылады. Атап айтқанда, викторина, деңгей және ұпай жүйесі, квесттік тапсырмалар мен виртуалды зертхана сияқты ойын механикаларының оқушылардың оқу мотивациясына, танымдық белсенділігіне және оқу материалын түсінуіне әсері талданады. Зерттеу сандық сипаттағы сауалнама әдісі арқылы жүргізілді. Деректер Google Forms платформасы көмегімен Амангелді Иманов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 9-сынып оқушылары арасында жиналды ($n = 54$). Сауалнама нәтижелері геймификация элементтерін қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, күрделі химиялық ұғымдарды түсінуді жеңілдететінін көрсетті. Қатысушылардың 59,3%-ы ойын элементтері оқу материалын жақсы түсінуге көмектесетінін, ал 53,7%-ы сабақтағы белсенділігінің артқанын атап өтті. Сонымен қатар, оқушылардың басым бөлігі Kahoot және Quizizz сияқты интерактивті викториналарды, сондай-ақ квесттік тапсырмаларды қызықты әрі тиімді оқу әдістері ретінде бағалады.

Кілттік сөздер: геймификация, химияны оқыту, когнитивті дағдылар, мотивация, білім беру технологиялары.

Кіріспе

Инновациялық педагогикалық технологияларды мақсатты қолдану — оқытудың сапасын арттырудың негізгі факторы [1–3]. Химия пәні теория мен тәжірибенің бірлігін, модельдеу мен дәлелді ойлауды талап етеді; дәстүрлі әдістер бұл дағдылардың барлығын бірдей деңгейде дамытуға әрдайым мүмкіндік бермейді. Геймификация (ойын механикаларын ойыннан тыс контексте пайдалану) оқу мотивациясын көтеріп, белсенді оқуға тартуды күшейтеді, күрделі ұғымдарды визуализациялауға жағдай жасайды [2,4,8,10,12].

Алдыңғы зерттеулер геймификацияның үлгерімге және пәнге қызығушылыққа оң ықпалын көрсетеді (мыс., [1] — 8-сынып химиясында ойын технологиялары тиімділігі; [3] — IT бағытында оқушылар үшін геймификацияның рөлі; [4,10] — әдістемелік тәсілдер мен құралдар). Сонымен бірге, ойын түрін мазмұнмен дәл сәйкестендіру, уақыт шығыны және оқушылар қызығушылығының гетерогендігі сияқты шектеулер сақталады [1,5].

Зерттеудің мақсаты: химияны оқытуда геймификация әдістерін қолданудың тиімділігін бағалау және оны енгізудің артықшылықтары мен шектеулерін айқындау.

Зерттеу сұрақтары: (1) геймификация оқушылардың мотивациясы мен белсенділігіне қалай әсер етеді? (2) қандай ойын элементтері химияда анағұрлым нәтижелі қабылданады? (3) қолдану жиілігі мен мазмұнға сәйкестікті оқушылар қалай бағалайды?

Әдебиеттерге шолу

Геймификация — оқу процесін ойын элементтері арқылы ұйымдастырудың заманауи әдісі, ол білім алушылардың ішкі мотивациясын арттырып, танымдық белсенділігін дамытуды көздейді. Бұл тәсілдің негізі оқу іс-әрекетіне ойын механикаларын енгізу арқылы білімді меңгеруді жеңілдету және эмоциялық тартымдылығын күшейту болып табылады. Геймификация педагогикада Б.Ф. Скиннердің мінез-құлық теориясы мен А. Бандураның әлеуметтік оқыту тұжырымдамаларына сүйенеді, себебі марапат пен кері байланыс жүйесі

оқушылардың әрекетін белсенді етеді. Қазіргі зерттеулерде ол оқушының өзін-өзі реттеу, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы ретінде қарастырылады [3], [5], [8].

Химия пәнін оқытуда геймификацияның рөлі ерекше, өйткені бұл пән күрделі теориялық ұғымдарға, абстрактілі модельдер мен формулаларға негізделген. Мұндай мазмұнды меңгеру кезінде дәстүрлі әдістер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әрдайым арттыра бермейді. Осыған байланысты, ойын механикасы бар тәсілдер – атом құрылысы, химиялық реакциялар, тепе-теңдік және стехиометрия сияқты күрделі ұғымдарды визуалды және тәжірибелік түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Геймификация абстрактілі ұғымдарды нақты әрекеттермен ұштастырып, білім алушылардың есте сақтау және талдау қабілеттерін жақсартады. Г.Базарбай мен Ы.Бақыткәрімнің (2022) зерттеуінде 8-сыныптарда жүргізілген тәжірибе барысында химия сабағында ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану оқушылардың үлгерімін 88% арттырғаны анықталған, бұл оның когнитивтік және эмоциялық тиімділігін дәлелдейді [1]. Ал, А. Кәрманова (2022) геймификацияны цифрлық технологиялармен біріктіру болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың маңызды факторы екенін көрсетеді [2].

Қазіргі кезде геймификацияны жүзеге асыру үшін көптеген заманауи платформалар қолданылады. Соның ішінде Kahoot, Quizizz, Classcraft сияқты викториналық жүйелер оқушылардың жылдам жауап беру дағдыларын дамытса, Minecraft: Education Edition және Scratch сияқты бағдарламалар виртуалды зертханалық тәжірибелерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл платформалар оқу үдерісіне бәсекелестік, ынтымақтастық және өзіндік бақылау элементтерін енгізеді. Геймификацияны пән мазмұнымен дұрыс сәйкестендіру оқушылардың оқу әрекетін мақсатқа бағдарлауға және оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді [4], [10], [11].

Зерттеулер геймификацияның оқу жетістігіне, мотивация мен белсенділік деңгейіне оң әсер ететінін айқындайды. Ойын элементтерін пайдалану кезінде ұпай, марапат және деңгей жүйесі білім алушылардың ішкі ынтасын арттырып, сабаққа тұрақты қатысуына ықпал етеді. Сонымен қатар, геймификация когнитивтік процестерді жақсартып, ақпаратты есте сақтау мен түсіну тиімділігін арттырады. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, ойын тәсілі топтық жұмыс пен коммуникация дағдыларын жетілдіреді, ал метатанымдық деңгейде оқушылардың өзін-өзі бағалау және рефлексия қабілетін дамытады [3], [7], [10], [11]. Мұндай тәсіл химия сабақтарында зертханалық тапсырмаларды, есеп шығару жаттығуларын және жаңа тақырыптарды меңгеруді жеңілдетеді.

Сонымен бірге, геймификацияны іске асыруда белгілі бір қиындықтар мен шектеулер бар. Біріншіден, әр ойын түрін пән мазмұнына бейімдеу мұғалімнен уақыт пен шығармашылық жоспарлауды талап етеді. Екіншіден, техникалық инфрақұрылым мен интернет ресурстарының жеткіліксіздігі үдерісті қиындатуы мүмкін. Үшіншіден, барлық оқушылардың ойын форматына бірдей қызығушылық танытпауы және гетерогенділік те назар аударуды қажет етеді [4], [6], [10]. Бұл кедергілерді шешу үшін мұғалімдердің цифрлық педагогика саласындағы құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру маңызды.

Ғылыми әдебиеттерде геймификацияның тиімділігін арттырудың бірнеше жолы атап өтіледі. Ең бастысы – әр ойын элементін нақты оқу мақсатына сәйкестендіру, оқу процесін кезең-кезеңмен жоспарлау және нәтижелерді қалыптастырушы бағалау жүйесіне енгізу. Сонымен қатар, виртуалды зертханалар мен бейімделген ойын квесттерін қолдану химиялық ұғымдарды терең меңгеруге ықпал етеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың метапәндік дағдыларын қалыптастырып, пәнге деген оң көзқарасын арттырады.

Болашақ зерттеулер геймификацияның ұзақ мерзімді әсерін анықтауға, яғни оқушылардың білімінің тұрақтылығы мен зерттеу дағдыларының дамуына бағытталуы тиіс. Сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі адаптивті геймификация жүйелерін, виртуалды зертханалар мен мобильді платформаларды біріктіре пайдалану тиімді нәтижелер беруі мүмкін. Мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттерін дамыту, ойын

сценарийлерін пәндік мақсаттармен үйлестіру және бағалауды геймификация элементтерімен интеграциялау — келешектегі маңызды бағыттардың бірі [2], [6], [7].

Талданған әдебиеттер геймификация әдісінің химияны оқытудағы жоғары тиімділігін дәлелдейді. Бұл әдіс оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, логикалық талдау, ұжымдық жұмыс және өзіндік даму қабілеттерін жетілдіреді. Геймификацияны химия пәнінің мазмұнына сәйкес жоспарлы түрде енгізу оқу процесін заманауи, интерактивті және нәтижелі етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу сандық сипаттағы кескінді (cross-sectional) дизайнда жүргізілді, деректер құрылымданған онлайн сауалнама арқылы жиналды. Сауалнамада жабық және ашық сұрақтар біріктіріліп, оқушылардың химия пәніне қызығушылығын, оқу барысындағы қиындықтарын және геймификация әдісіне деген көзқарастарын анықтауға бағытталды. Зерттеу қатысушылары ретінде Амангелді Иманов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 9-сынып оқушылары алынды ($n = 54$). Іріктеу ыңғайлылық тәсілімен жүзеге асырылып, қатысу ерікті және анонимді түрде өтті. Деректерді жинау құралы ретінде Google Forms платформасы пайдаланылды. Сауалнама бірнеше блоктан тұрды: (1) химияға қызығушылық деңгейі; (2) оқу қиындықтары (есеп шығару, теорияны түсіну, формулаларды жаттау, зертханалық жұмыс т.б.); (3) ұнаған оқыту әдістері; (4) ойын элементтерін қолдануға көзқарас; (5) геймификацияның ынта мен белсенділікке ықпалы; (6) артық көретін ойын түрлері (Kahoot/Quizizz викториналары, квесттер, деңгей/ұпай жүйесі т.б.); (7) геймификацияның білім сапасына әсерін қабылдау; (8) қолдану жиілігі туралы пікір; (9) ашық ұсыныстар.

Зерттеу процедурасы алдымен «Металдардың жалпы сипаттамасы» тақырыбы бойынша сабақ өткізілді, кейін сол тақырып аясында сауалнама жүргізілді. Сауалнама бір реттік толтыру режимінде өтті, бұл деректердің нақтылығын қамтамасыз етті. Жабық сұрақтар бойынша жиілік пен пайыздық көрсеткіштер есептеліп, статистикалық сипаттама алынды; ашық жауаптар мазмұндық-тақырыптық талдау әдісімен кодталды және негізгі үрдістер анықталды. Алынған нәтижелер әдебиеттерде келтірілген тұжырымдармен салыстырылып, олардың сәйкес және айырмашылық жақтары талданды [1–5,7–11]. Этикалық талаптарды сақтау мақсатында зерттеу алдында қатысушылар мен олардың ата-аналарына зерттеу мақсаты түсіндіріліп, деректердің құпия түрде сақталатыны ескертілді. Барлық мәліметтер тек жинақталған түрде ғылыми талдау үшін пайдаланылды.


Нәтижелер

Google Forms платформасы арқылы жүргізілген онлайн сауалнама барысында Амангелді Иманов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 9-сынып оқушыларына «Металдардың жалпы сипаттамасы» тақырыбында сабақ өткізіліп, оның қорытындысы бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамада келесі сұрақтар қамтылды:

1. Химия пәніне деген қызығушылығыңыз қандай деңгейде?
2. Сіз химияны оқуда қандай қиындықтарға кезігесіз?
3. Химия сабағында жаңа тақырыптарды меңгеруде қандай әдістер сізге ұнайды?
4. Сіз химия сабағында ойын элементтері қолданылғанын қалайсыз ба?
5. Егер химия сабағында геймификация (ойын элементтері) қолданылса, бұл сіздің сабаққа деген ынтаңызды арттыра ма?
6. Қай ойын элементтері сізге қызықты?
7. Геймификация (ойын элементтері) сіздің химиядан алған білімдеріңізді жақсарты алады деп ойлайсыз ба?
8. Геймификация (ойын элементтері) әдістері сіздің сабақта белсенділігіңізге қалай әсер етеді?
9. Химия сабағында ойынды жиі қолдану қажет деп санайсыз ба?
10. Геймификация (ойын элементтері) арқылы химия сабағын қызықты ету үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?


Зерттеу нәтижелері химия пәнін оқытуда геймификация әдісін қолданудың оқушылардың мотивациясына, танымдық белсенділігіне және оқу процесіне деген

көзқарасына айтарлықтай оң әсерін көрсетеді. Сауалнама нәтижесіне сәйкес, респонденттердің 29,6%-ы химия пәніне деген қызығушылығын «өте жоғары» деп бағаласа, 27,8%-ы «жоғары» және дәл осынша бөлігі «орташа» деңгейде бағалаған (сурет 1).



1-сурет. Сауалнаманың алғашқы сұрағы бойынша жауап нәтижелері

Бұл көрсеткіштер оқушылардың жалпы пәнге оң көзқарасы бар екенін және геймификация элементтерін енгізу бұл қызығушылықты одан әрі арттыра алатынын дәлелдейді. Оқушылардың 48,1%-ы химияны оқуда ең үлкен қиындық ретінде есептер шығаруды атаған, 40,1%-ы теориялық материалды түсіну қиын екенін көрсеткен, ал 27,8%-ы формулаларды жаттау кезінде қиындық көреді деп жауап берген. Зертханалық жұмыстарда қиындық байқалатынын 16,7% ғана атап өткен, бұл тәжірибелік оқытудың тиімділігін растайды (сурет 2).




2-сурет. Сауалнаманың екінші сұрағы бойынша алынған нәтижелер

Сабақ барысында қолданылатын әдістерге келсек, 63% респондент мұғалімнің түсіндіру әдісін ең тиімді деп санаса, 44,4% тәжірибелер мен зертханалық жұмыстарды ұнатады, ал 16,7% ойын элементтерін пайдалануды тиімді деп есептейді. Бұл деректер оқушылардың көпшілігі дәстүрлі әдістерге әлі де сенім білдіретінін, алайда ойын технологияларына қызығушылықтың тұрақты түрде өсіп келе жатқанын көрсетеді. Геймификация әдісіне деген көзқарас жағынан 50% оқушы химия сабағында ойын элементтерін жиі қолдануды қалайтынын айтты, 31,5% «кейде қолдану қажет» деп есептейді, тек 7,4% бұл тәсілді қажетсіз деп тапқан. Сонымен бірге, 46,7% геймификация олардың сабаққа деген ынтасын айтарлықтай арттыратынын, ал тағы 46,3% аздаған, бірақ оң әсер бар екенін көрсеткен. Тек 1,9% оқушы ойын элементтері керісінше қызығушылықты төмендетуі мүмкін деп жауап берген (сурет 3).

Химия сабағында жаңа тақырыптарды меңгеруде қандай әдістер сізге ұнайды? (бірнешеуін таңдауға болады)

54 ответа




3-сурет. Сауалнаманың үшінші сұрағы бойынша алынған нәтижелер

Сауалнама барысында ең қызықты ойын түрлері ретінде 44,4% қатысушы Kahoot және Quizizz платформаларындағы викториналарды таңдаған. Одан кейін 31,5% химиялық тәжірибелер арқылы квест форматындағы тапсырмаларды тиімді деп есептеген. 27,8% ойын түріндегі тесттерді, ал 16,7% деңгейлік және ұпай жүйесін артық көрген. Бұл көрсеткіштер білім алушылардың көбінің интерактивті және бәсекелестік сипаттағы цифрлық ойындарға қызығушылығын көрсетеді (сурет 4).


Қай ойын элементтері сізге қызықты? (бірнешеуін таңдауға болады)

54 ответа




4-сурет. Қай ойын элементтері сізге қызықты сауалы бойынша алынған нәтижелер

Геймификацияның оқу нәтижелеріне әсерін бағалау кезінде оқушылардың 59,3%-ы бұл әдіс материалды жақсы түсінуге көмектесетінін атап өткен, 33,3%-ы аз әсері бар екенін айтқан, ал 3,7%-ы ешқандай пайдасы жоқ деп есептеген. Сабақтағы белсенділік тұрғысынан 53,7% геймификация олардың сабаққа белсене қатысуына ықпал ететінін растаған, ал 33,3% аздап арттырады деп көрсеткен. Барлық оқушылардың тек 9,3%-ы ойын элементтерінің әсерін байқамаған (сурет 5).



5-сурет. Ойын элементтеріне қатысты сауалдарға алынған нәтижелер

Сабақта ойын технологияларын қолдану жиілігіне қатысты сұрақтар оқушылардың көпшілігі (53,7%) ойын элементтерін тек кейбір тақырыптарда қолдануды тиімді деп санайтынын көрсетті. 31,5% барлық сабақтарда қолдану қажет десе, 9,3% қажет емес деген пікір білдірді (сурет 6). Ашық сұрақтарға берілген жауаптарда оқушылардың басым бөлігі геймификацияны күрделі тақырыптарды түсіндіру және тақырыпты бекіту кезінде қолдануды ұсынған. Олар сондай-ақ химиялық тәжірибелер мен интерактивті ойындарды біріктіру сабақтың тартымдылығын арттыратынын атап өтті.



6-сурет. Сауалнаманың соңғы сұрағының нәтижелері

Жалпы талдау нәтижелері көрсеткендей, геймификация әдісі оқушылардың оқу процесіне қатысу деңгейін арттырып қана қоймай, олардың пәнді саналы түрде меңгеруін қамтамасыз етеді. Ойын элементтері арқылы ұйымдастырылған сабақтар оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді, ал мотивация мен белсенділік деңгейінің жоғарылауы оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Алынған деректер әдеби

шолуда келтірілген ғылыми тұжырымдармен сәйкес келеді және геймификацияның химияны оқытудағы тиімділігін эмпирикалық түрде растайды.

Талдау

Зерттеу нәтижелерін талдау химияны оқытуда геймификация әдісін қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын, мотивациясын және оқу белсенділігін айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Бұл қорытынды бұрынғы зерттеулердің нәтижелерімен толық сәйкес келеді. Базарбай мен Бақыткәрім (2022) өз еңбегінде химия сабағында ойын технологияларын пайдалану оқушылардың үлгерімін 88%-ға дейін арттырғанын дәлелдеген [1]. Сол сияқты, Кәрманова (2022) және Ермағанбетова (2022) еңбектерінде геймификация цифрлық технологиялармен біріктірілгенде пәндік білімнің беріктігін және когнитивтік белсенділікті күшейтетінін атап өтеді [2], [3]. Бұл зерттеудің нәтижелері де осы ғылыми тұжырымдармен үндес: ойын элементтерін енгізу оқушылардың оқу процесін қызықты әрі мағыналы етіп, күрделі химиялық ұғымдарды жеңіл түсінуге мүмкіндік береді.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың көпшілігі геймификация әдісін оқу процесіне енгізуді қолдайды және бұл тәсіл олардың сабаққа белсенді қатысуына түрткі болатынын мойындайды. Бұл деректер халықаралық зерттеулерде көрсетілген мотивациялық факторлармен сәйкес келеді. Мысалы, Фрисс (2025) зерттеуінде геймификация оқу үдерісінде позитивті эмоциялар туғызып, бәсекелестік рухты қалыптастыратынын дәлелдеген [12]. Сол сияқты, Тесленко және Шишкова (2023) еңбектерінде де ойын әдістерінің эмоционалды қолдау мен ішкі ынтаны арттыратыны атап өтілген [5]. Демек, геймификация оқушылардың когнитивтік жүктемесін азайтып, оқу материалын саналы меңгеруіне септігін тигізеді.

Химия пәнінің күрделілігі мен дерексіз мазмұны геймификацияның тиімділігін ерекше айқындайды. Зерттеуге қатысқан оқушылардың көпшілігі теорияны түсіну және есеп шығару кезінде қиындыққа тап болатынын көрсетті. Бұл нәтиже Таймуратова мен Шуркиннің (2024) зерттеулерінде де кездеседі, олар ойын түріндегі тапсырмалар мен виртуалды зертханалардың оқу материалын қабылдауды жеңілдететінін атап өткен [4]. Сонымен қатар, Kahoot, Quizizz сияқты платформалардың қолданылуы оқушылардың бірден жауап беріп, қателіктерін дереу түзетуге мүмкіндік беретінін көрсетті, бұл білім сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады [10], [11].

Алайда алынған нәтижелер геймификацияны қолдануда кейбір қиындықтардың бар екенін де көрсетеді. Мұндай шектеулердің ішінде уақыт тапшылығы, техникалық құралдардың жетіспеушілігі және барлық оқушылардың ойын форматына бірдей қызығушылық танытпауы бар. Бұл тұжырымдар Абдыкеримова мен Калиеваның (2024) және Кәрманованың (2022) еңбектерінде де кездеседі [5], [2]. Олар мұғалімдердің цифрлық педагогика мен ойын әдістемесін меңгеру деңгейі геймификацияның тиімділігіне тікелей әсер ететінін атап өткен. Осыған байланысты, болашақта педагогтарды арнайы оқыту бағдарламалары арқылы геймификация элементтерін дұрыс жоспарлап, мақсатты пайдалана білуге үйрету маңызды. Жалпы алғанда, алынған деректер геймификацияның химияны оқытуда оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық және ұжымдық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Бұл нәтиже Айтбаев және әріптестерінің (2023) метапәндік білім беру бойынша зерттеуінде көрсетілгендей, ойын технологиялары қалыптастырушы бағалаумен ұштасқанда оқушының оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді құралына айналады [7]. Сонымен бірге, геймификация оқыту сапасын арттырумен қатар, білім алушылардың өзін-өзі бағалау және рефлексия қабілеттерін дамытатынын да растады.

Зерттеу нәтижелерін талдау геймификацияның тек қысқа мерзімді мотивациялық құрал емес, сонымен бірге оқу процесін сапалық тұрғыдан жаңғыртатын педагогикалық технология екенін көрсетті. Оның тиімділігі оқушылардың эмоционалдық қатысуы мен цифрлық ортаға бейімделу деңгейіне тәуелді. Сондықтан болашақта геймификацияны жасанды интеллект, бейімделген оқыту платформалары және виртуалды зертханалармен интеграциялау химияны оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеруі мүмкін.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу химияны оқытуда геймификация әдісін қолданудың тиімділігін нақты дәлелдеді. Алынған нәтижелер бойынша ойын элементтерін пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететіні анықталды. Геймификация әдісі оқушылардың оқу мотивациясын күшейтіп қана қоймай, олардың танымдық және когнитивтік қабілеттерін дамытады, күрделі химиялық ұғымдарды жеңіл әрі түсінікті түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау, мәселелерді шешу және топтық жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері геймификацияны тиімді қолдану үшін оны оқу мазмұнына сәйкестендіріп, мақсатты түрде жоспарлаудың маңыздылығын көрсетті. Мұғалімдердің цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістерді меңгеру деңгейі де әдістің табысты жүзеге асуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан геймификация элементтерін енгізу мұғалімдердің кәсіби және әдістемелік құзыреттілігін дамыту бағдарламаларымен бірге жүзеге асырылуы қажет.

Жалпы алғанда, геймификация химияны оқытудың сапасын арттыратын, оқушылардың танымдық белсенділігін және шығармашылық әлеуетін дамытатын тиімді педагогикалық құрал екендігі дәлелденді. Ол оқу процесін дәстүрлі сипаттан интерактивті, тәжірибелік және дербес бағытқа көшіруге мүмкіндік береді. Болашақта геймификацияны жасанды интеллект, виртуалды зертханалар және адаптивті оқыту жүйелерімен біріктіріп қолдану химия пәнін оқытуда жаңа деңгейдегі инновациялық тәжірибе қалыптастыруға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Базарбай Г., Бақыткәрім Ы. Химия пәнін 8-сыныптарда оқытуда ойын арқылы оқыту технологиясын қолданудың ерекшелігі // Абай атындағы ҚазҰУ хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, 2022, Т. 3. № 73, Б. 15–24.
2. Кәрманова А. Цифрлық технология – болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту факторы ретінде // SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS, Т. 4, Б. 94–106. https://doi.org/10.32014/2518-1467_2022_398_4_94-106
3. Ермағанбетова М. А., Токжигитова А.Н. IT бағыттары бойынша білім алушылар үшін білім беру геймификациясының рөлі // SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS, 2022, Т. 4, Б. 186–200. https://doi.org/10.32014/2518-1467_2022_398_4_186-200
4. Таймуратова Л. У., Шуркин М. Ойын технологиясының элементтерін пайдалану әдістері // Yessenov Science Journal, 2024, Т.48. №. 3, Б. 105–114. <https://doi.org/10.56525/FRJS4324>
5. Абдыкеримова Э. А., Калиева Г. А. Білім беру жүйесінде геймификация құралдарын қолданудың мүмкіндіктерін талдау // Yessenov Science Journal, 2024, Т. 48. №. 3, Б. 39–52. <https://doi.org/10.56525/NYVL8470>
6. Альменаева Р., Андреева Н.Д., Курманбаев Р.Х., Досжанов Б.А. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін мобильді технологияларды қолдану негізінде қалыптастырудың эксперименттік нәтижелері // SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS, 2024, Т. 407. №.1, Б. 33–46. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.655>
7. Айтбаев С.Т., Суматохин С.В., Китапбаева А.А., Сексенова Д.У., Аталихова, Г.Б. Қалыптастырушы бағалау – мектептегі метапәндік білім беру нәтижелерін мониторингiлудің құралы ретінде // Вестник НАН РК, 2023, Т. 406. №.6, Б.38–51. DOI:10.32014/2023.2518-1467.615
8. Ермағанбетова М. А., Серік М., Токжигитова А.Н. Орта мектепте программалауды оқытудың әдістемелік тәсілдері мен технологияларына шолу // Л.Н.Гумилев атында ЕҰУ хабаршысы, Педагогика. Психология. Социология сериясы, 2024, Т.149. №. 4, Б. 96–11.
9. Friss M. Gamification in virtual sales training: Evidence from a field experiment // Journal of Personal Selling Sales Management, 2025, V.12, P. 224-237. <https://doi.org/10.1080/08853134.2024.2431817>

10. Tsepliaeva N., Kuznetsova O. Gamified learning environments in STEM education: Enhancing student engagement through interactive technologies // *European Journal of Science and Education*, 2023, V.12. №2, P. 45–58.
11. Han J., Lim C. Gamification strategies for chemistry teaching: Bridging theory and practice. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 2023, V. 20, № 4, P. 101–117.
12. Ciuchita, R., et al. Gamification as an effective strategy to enhance user experience and learning motivation. *Computers & Education*, 2023, V. 195, P. 104–127.

References

1. Bazarbai G., Bakytkarim Y. Features of Using Game-Based Learning Technology in Teaching Chemistry to 8th Grade Students // *Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series: Natural and Geographical Sciences*. – 2022. – Vol. 3. – No. 73. – P. 15–24.
2. Karmanova A. Digital Technology as a Factor in the Development of Professional Competence of Future Chemistry Teachers // *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*. – 2022. – Vol. 4. – P. 94–106. – https://doi.org/10.32014/2518-1467_2022_398_4_94-106
3. Ermaganbetova M. A., Tokzhigitova A. N. The Role of Educational Gamification for Students in IT Fields // *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*. – 2022. – Vol. 4. – P. 186–200. – https://doi.org/10.32014/2518-1467_2022_398_4_186-200
4. Taimuratova L. U., Shurkin M. Methods of Using Elements of Game Technology // *Yessenov Science Journal*. – 2024. – Vol. 48. – No. 3. – P. 105–114. – <https://doi.org/10.56525/FRJS4324>
5. Abdykerimova E. A., Kaliyeva G. A. Analysis of the Possibilities of Using Gamification Tools in the Education System // *Yessenov Science Journal*. – 2024. – Vol. 48. – No. 3. – P. 39–52. – <https://doi.org/10.56525/NYVL8470>
6. Almeneeva R., Andreeva N. D., Kurmanbaev R. H., Doszhanov B. A. Experimental Results of Forming Professional Competencies of Future Biology Teachers Based on the Use of Mobile Technologies // *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*. – 2024. – No. 1. – P. 33–46. – <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.655>
7. Aitbaev S. T., Sumatokhin S. V., Kitapbaeva A. A., Seksenova D. U., Atalikhova G. B. Formative Assessment as a Tool for Monitoring Meta-Subject Educational Outcomes at School // *Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*. – 2023. – No. 6. – P. 38–51. – <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.615>
8. Ermaganbetova M. A., Serik M., Tokzhigitova A. N. Review of Methodological Approaches and Technologies for Teaching Programming in Secondary School // *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Pedagogy. Psychology. Sociology*. – 2024. – Vol. 149. – No. 4. – P. 96–111.
9. Friss M. Gamification in Virtual Sales Training: Evidence from a Field Experiment // *Journal of Personal Selling & Sales Management*. – 2025. – Vol. 12. – P. 224–237. – <https://doi.org/10.1080/08853134.2024.2431817>
10. Tsepliaeva N., Kuznetsova O. Gamified Learning Environments in STEM Education: Enhancing Student Engagement through Interactive Technologies // *European Journal of Science and Education*. – 2023. – Vol. 12. – No. 2. – P. 45–58.
11. Han J., Lim C. Gamification Strategies for Chemistry Teaching: Bridging Theory and Practice // *International Journal of Educational Technology in Higher Education*. – 2023. – Vol. 20. – No. 4. – P. 101–117.
12. Ciuchita R., et al. Gamification as an Effective Strategy to Enhance User Experience and Learning Motivation // *Computers & Education*. – 2023. – Vol. 195. – P. 104–127..

П. А. Абдуразова, А. С. Ибадулла*

PhD, ассоциированный профессор, abdurazova.perizat@okmpu.kz,
ЮКПУ имени У. Жанибекова, Шымкент, Казахстан

*магистрант, ibadulla.arailym0311@gmail.com, ЮКПУ имени У. Жанибекова, Шымкент, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ГЕЙМИФИКАЦИИ В ОБУЧЕНИЕ ХИМИИ

Аннотация

Considering international experience, it is essential that Kazakhstan fully implements the “Concept for Promoting the Ideology of Law and Order in Society for 2025–2030” at the national level. This can be achieved by enhancing the systematization of legal subjects in schools, introducing practical lessons and elective courses, and applying community-based intervention measures. Such a comprehensive approach allows for the improvement of minors' legal literacy, the prevention of offenses, and the effectiveness of rehabilitation and social adaptation programs[9].

In Kazakhstan, the “Law and Order” concept is regarded as a strategic document aimed at fostering a stable respect for the law and legal order within society. This concept places particular emphasis on enhancing citizens' legal awareness, compliance with legal requirements, and legal culture. Within the framework of this concept, preventive measures, including legal education for minors and activities aimed at increasing their legal literacy, play a central role.

By fostering legal literacy and legal culture among minors, the likelihood of engaging in unlawful behavior decreases, their ability to make lawful decisions increases, and their active and responsible participation in public life is ensured. From this perspective, the “Law and Order” concept represents an integral part of a comprehensive state policy aimed at maintaining and strengthening legal order, fostering a culture of respect for the law, and promoting adherence to legal norms. A high level of legal literacy among minors significantly reduces the risk of involvement in unlawful behavior.

Minors with legal literacy are able to understand the social, moral, and legal consequences of unlawful actions and apply lawful and effective legal mechanisms to protect their interests. This legal literacy fosters their legal culture and sense of responsibility, thereby reducing the likelihood of offending. Preventive measures contribute to the development of legal awareness and a stable respect for the law among minors, which in turn strengthens legal order and directly supports the establishment of the rule of law in society. In this regard, preventive activities under the “Law and Order” concept should not be viewed as isolated programs or separate measures but as an integrated system aimed at strengthening the rule of law and legal order.

The main objectives of state regulation include:

1. Prevention of offenses – reducing the likelihood of adolescents engaging in unlawful behavior and maintaining legal order.
2. Protection of minors’ legal interests – safeguarding their rights to life, education, healthcare, and social protection.
3. Coordination of prevention efforts – effectively organizing cooperation between state bodies, educational institutions, families, and public organizations.
4. Formation of lawful behavior among minors – providing education, legal awareness programs, and social support to foster compliance with legal norms.

The law’s comprehensive approach views prevention not merely as a set of individual measures but as a framework that develops minors’ legal culture and ensures their social adaptation. This approach aims to strengthen minors’ understanding and adherence to legal norms and to reinforce the observance of legal order in society.

The Concept of Kazakhstan’s Legal Policy until 2030 emphasizes the rule of law as a guiding principle and prioritizes the protection of human and citizen rights and freedoms [10]. This concept underlines the importance of the obligatory nature of legal norms in regulating relations between the state and society, as well as the need to enhance citizens’ legal awareness and legal culture.

Based on this legal policy, the “Concept for Promoting the Ideology of Law and Order in Society for 2025–2030” serves as a comprehensive state strategy aimed at strengthening the rule of law, ensuring legal order in society, and supporting public safety and sustainable development.

The concept places particular emphasis on forming legal awareness from an early age, including improving minors’ legal knowledge and developing their skills for lawful behavior.

Enhancing minors’ legal literacy is a key task in strengthening legal order and rule of law. This is achieved through education, legal awareness programs, pedagogical work, and social support measures. As a result, minors gain an understanding of legal norms and the ability to protect their rights and lawful interests, directly contributing to the prevention of offenses and the stability of legal order. Legal education in schools and other educational institutions should include courses that cover constitutional rights, human rights, and legal responsibility.

Practical experience has shown that integrating a legal component into the educational process significantly enhances minors’ legal literacy, develops their ability to make legally sound decisions, and reduces the likelihood of committing offenses.

Legal education programs aim to instill legal culture in minors, ensure understanding of legal norms, and teach them how to apply these norms in real-life situations.

Can it be said that educational institutions play an important role? Certainly. In this regard, it is crucial to define the directions of work, objectives, stages, and specific action vectors of educational institutions in this field.

The process of forming values such as legal culture and legal literacy in minors is primarily carried out in educational institutions through legal education. This process encompasses not only teaching elements but also educational activities. The educational process implemented by the institution—that is, the concept of education—is understood as “the process of acquiring, mastering, and assimilating systematic knowledge; the set of concepts obtained during education, understood as the acquisition of knowledge and skills” [11].

According to the current Law on Education, “education is a continuous process of upbringing and teaching aimed at moral, intellectual, cultural, and physical development, as well as the formation

of professional competence.” Education is also defined as “a process that teaches how to think, logically connect various pieces of information, and draw conclusions from them” [12].

The use of modern information and communication technologies plays an important role in enhancing minors’ legal literacy. Digital education platforms, interactive law lessons, and informational legal campaigns increase accessibility to legal knowledge and motivate students to act in accordance with the law.

Moreover, the development of legal literacy is also achieved through social projects, media education, volunteer work, and public events. Such an integrative approach directly contributes to a deeper understanding of legal norms by adolescents, conscious fulfillment of their rights and duties, and the prevention of offenses.

The family occupies a particularly important position as the primary social institution in forming legal values. Values and upbringing within the family ensure children’s respect for the law, moral responsibility, and mastery of norms of social behavior.

The harmonious interaction between educational institutions and the family facilitates the sustainable development of minors’ legal consciousness. Such cooperation should be systematically organized to cultivate a culture of legal compliance, foster lawful behavior, and reduce the likelihood of offenses. Social institutions, including public organizations and state bodies, strengthen adolescents’ legal education by supporting family efforts.

Despite a sufficient legislative framework, implementing legal preventive measures encounters several practical challenges. These issues reduce the effectiveness of preventive activities and limit the implementation of state policy aimed at increasing minors’ legal literacy.

The main problematic aspects in enhancing minors’ legal literacy are:

1. Insufficient qualified personnel for legal education – a lack of specialists with experience and knowledge in teaching legal subjects and conducting preventive activities negatively affects the quality of education.
2. Limited integration and accessibility of legal educational materials – legal education and informational materials, if not updated according to current laws, hinder consistent development of legal literacy among minors.
3. Weak connection between theoretical knowledge and practical cases – curricula often focus primarily on theoretical material and do not sufficiently provide practical skills needed to apply legal norms in real-life situations.
4. Limited access to modern educational platforms – infrastructure limitations and varying technical capabilities restrict the accessibility of interactive, digital, and online platforms for legal education.

Literature Review

Currently, enhancing minors’ legal literacy and preventing offenses is one of the key directions of the state policy of the Republic of Kazakhstan. This issue is systematically addressed in the Messages of the President of the Republic of Kazakhstan K. J. Tokayev to the people of Kazakhstan and in strategic documents within the framework of the “Law and Order” concept. These documents identify strengthening the rule of law, developing citizens’ legal literacy, and ensuring stable legal order in society as primary objectives.

In the “Concept for Promoting Law and Order in Society for 2025–2030,” the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Convention on the Rights of the Child, the Law on the Prevention of Juvenile Offenses, as well as scientific works by V.V. Zavarzhin, Ibragimov Sh., Pei Y., Lumbantoruan S.H., Rosando A.F., E.A. Akhmetzyanova, T.B. Zhumagulov, and G.S. Dariybaev, demonstrate the effectiveness of forming legal culture and legal literacy.

The study employed a comprehensive methodological approach aimed at determining the role of enhancing minors’ legal literacy in preventing offenses. Theoretical methods included normative-legal analysis, analysis of scientific literature, analysis and synthesis, and comparative-legal methods. Empirical research methods included interviews with social educators to assess adolescents’ legal literacy levels and observational methods during legal education activities. In addition, content analysis of legal education programs was conducted.

The combination of methods allowed for identifying effective mechanisms for developing minors' legal literacy within the framework of the "Law and Order" concept and achieving the objectives and tasks of the study.

Results

To address the issues outlined above, it is necessary to improve legal education programs, train qualified specialists, ensure coordination of laws and educational materials, and integrate modern information platforms. These measures significantly enhance the effectiveness of increasing minors' legal literacy and preventing offenses. Currently, the content of draft laws is systematically explained to the public through mass media. It is also important to organize consistent legal awareness and explanatory work regarding the significance of other laws adopted for public benefit. This, in turn, strengthens public trust in the law and further improves legal literacy [Zhumagulov T.B., Dariybaev G.S., 2021].

Increasing the effectiveness of preventive measures against offenses is a crucial factor in shaping minors' legal literacy and developing legally compliant behavioral skills. Practical experience shows that the effectiveness of preventive activities directly depends on their consistency, comprehensiveness, and alignment with modern technologies.

Discussion

To enhance minors' legal literacy and increase the effectiveness of preventive measures, the following directions are proposed:

1. Developing and implementing modern educational-methodological complexes for legal education – curricula should not be limited to theoretical knowledge but focus on developing minors' legal skills through practical cases, debates, and role-playing games.
2. Establishing partnership programs among schools, law enforcement agencies, and non-governmental organizations – this approach allows coordination of preventive measures, efficient use of resources, and ensures consistency in legal education.
3. Creating centralized online platforms through public and private initiatives – increasing access to legal knowledge and providing adolescents with interactive learning tools enhances legal literacy.
4. Supporting research projects and analysis of preventive practices – evaluating the effectiveness of prevention programs, disseminating best practices, and improving regulatory and legal policy are essential for progress.

Systematic implementation of these recommendations contributes to preventing offenses among minors, strengthening legal order, and sustainably developing legal culture in society.

Conclusion

Enhancing minors' legal literacy is a primary and effective mechanism for preventing offenses within the framework of the "Concept for Promoting Law and Order in Society for 2025–2030." The normative and legal framework of the Republic of Kazakhstan provides a comprehensive set of measures aimed at strengthening the legal consciousness of the younger generation, including legal, educational, and social initiatives.

In the context of global social transformations and the digitalization of the educational environment, legal literacy is considered a key factor for sustainable social development and strengthening legal order. The formation of minors' legal culture should not be limited to theoretical knowledge but implemented through practical activities, modern educational-methodological tools, digital platforms, and interactive learning approaches.

The harmonious interaction of state, educational, and civil institutions, along with the systematic implementation of preventive measures, enhances the effectiveness of preventing offenses among minors. This approach contributes to shaping legally literate citizens of the Republic of Kazakhstan and strengthening legal order and stability in society.

Әдебиеттер тізімі

1. Жолдау (2024) Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм: *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы*, 2 қыркүйек [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (өтінім берілген күні: 28.01.2026).
2. ҚРҰ (2025) Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы бекіту туралы: *Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 1 сәуір, 200* [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500000200> (өтінім берілген күні: 15.01.2026).
3. Әділетті Қазақстан (2023) *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі, 17 маусым* [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshe-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> (өтінім берілген күні: 21.01.2026).
4. Берікбайұлы Т. (2024) Құқықтық мәдениет қалыптаспай, қоғам дамымайды. QAZAQ, 2 сәуір [Электрондық ресурс]: URL: <https://qazaq1913.com/2024/04/02/y-ty-m-deniet-alyptaspaj-o-am-damymajdy/> (өтінім берілген күні: 14.01.2026).
5. ҚР Заңы (2023) Қоғамдық бақылау туралы: *Қазақстан Республикасының Заңы. 2 қазан, 30-VIII ҚРЗ* [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000030> (өтінім берілген күні: 24.01.2026).
6. Завражин В.В. (2024) Оқушының құқықтық мәдениетін қалыптастырудың заңдылықтары. *Мир науки. Педагогика и психология*, 12, 4, 1-8 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zakonomernosti-formirovaniya-pravovoy-kultury-shkolnika/viewer> (өтінім берілген күні: 05.01.2026).
7. Ibragimov Sh. (2025) LEGAL EDUCATION IN PREVENTING CRIME AMONG TODAY'S YOUTH. *World Bulletin of Social Sciences*, 44, 35-37 [Электрондық ресурс]: URL: <https://scholarexpress.net/index.php/wbss/article/view/5072> (өтінім берілген күні: 05.01.2026).
8. Pei Y. (2025) An Analysis of Content Design and Age Appropriateness in Crime Prevention Education for Secondary Schools. *Global Review of Humanities Arts and Society*, 1(3), 86-102 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.researchgate.net/publication/394119792_An_Analysis_of_Content_Design_and_Age_Appropriateness_in_Crime_Prevention_Education_for_Secondary_Schools (өтінім берілген күні: 03.01.2026).
9. Lumbantoruan S.H., Rosando A.F. (2025) Criminal Law and Juvenile Delinquency: An Analysis of Legal Approaches to Juvenile Offenders Widowati. *Universitas Tulungagung, Indonesia. Journal Evidence Of Law*, 4, 1. Januari-April [Электрондық ресурс]: URL: <https://jurnal.erapublikasi.id/index.php/JEL> (өтінім берілген күні: 03.01.2026).
10. ҚРК (1995) *Қазақстан Республикасының Конституциясы*, 30 тамыз [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтінім берілген күні: 08.01.2026).
11. Конвенция (1989) *Бала құқықтары туралы конвенция*. Нью-Йорк, 20 қараша [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400> (өтінім берілген күні: 18.01.2026).
12. ҚР Заңы (2004) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы: *Қазақстан Республикасының Заңы*, 9 шілде, 591 [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591> (өтінім берілген күні: 19.01.2026).

References

1. Zholdau (2024) Adiletti Kazakstan: zan men tartip, ekonomikalyk osim, kogamdyk optimizm: *Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyyn Kazakstan halkyna Zholdauy*, 2 kyrkujek [Elektrondyk resurs]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (otininim berilgen kuni: 28.01.2026).

2. KRU (2025) Kogamda zan men tartip ideologiyasyn ilgeriletu zhonindegi 2025-2030 zhyldarga arналған тужырымдаманы бекіту туралы: *Kazakstan Respublikasy Ukimetinin kaulysy*, 1 sauir, 200 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500000200> (otinim berilgen kuni: 15.01.2026).
3. Adiletti Kazakstan (2023) *Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Ultyk kuryltajdyn «Adiletti Kazakstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysında sojlegen sozi*, 17 mausym [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-ultyk-kuryltajdyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysında-sojlegen-sozi-1752959> (otinim berilgen kuni: 21.01.2026).
4. Berikbajuly T. (2024) Kukykyk madeniet kalyptaspaj, kogam damymajdy. QAZAQ, 2 sauir [Elektrondyk resurs]: URL: <https://qazaq1913.com/2024/04/02/y-ty-m-deniet-alyptaspaj-o-am-damymajdy/> (otinim berilgen kuni: 14.01.2026).
5. KR Zany (2023) Kogamdyk bakylau turaly: *Kazakstan Respublikasynyn Zany*. 2 kazan, 30-VIII KRZ [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000030> (otinim berilgen kuni: 24.01.2026).
6. Zavrazhin V.V. (2024) Okushynyn kukykyk madenietin kalyptastyrudyn zandylyktary. *Mir nauki. Pedagogika i psihologiya*, 12, 4, 1-8 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zakonovernosti-formirovaniya-pravovoy-kultury-shkolnika/viewer> (otinim berilgen kuni: 05.01.2026).
7. Ibragimov Sh. (2025) LEGAL EDUCATION IN PREVENTING CRIME AMONG TODAY'S YOUTH. *World Bulletin of Social Sciences*, 44, 35-37 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://scholarexpress.net/index.php/wbss/article/view/5072> (otinim berilgen kuni: 05.01.2026).
8. Pei Y. (2025) An Analysis of Content Design and Age Appropriateness in Crime Prevention Education for Secondary Schools. *Global Review of Humanities Arts and Society*, 1(3), 86-102 [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.researchgate.net/publication/394119792_An_Analysis_of_Content_Design_and_Age_Appropriateness_in_Crime_Prevention_Education_for_Secondary_Schools (otinim berilgen kuni: 03.01.2026).
9. Lumbantoruan S.H., Rosando A.F. (2025) Criminal Law and Juvenile Delinquency: An Analysis of Legal Approaches to Juvenile Offenders Widowati. Universitas Tulungagung, Indonesia. *Journal Evidence Of Law*, 4, 1, Januari-April [Elektrondyk resurs]: URL: <https://jurnal.erapublikasi.id/index.php/JEL> (otinim berilgen kuni: 03.01.2026).
10. KRK (1995) *Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy*, 30 tamyz [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (otinim berilgen kuni: 08.01.2026).
11. Konvenciya (1989) *Bala kukyktary turaly konvenciya*. N'yu-Jork, 20 karasha [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400> (otinim berilgen kuni: 18.01.2026).
12. KR Zany (2004) Kameletke tolmagandar arasyndagy kuyk buzushylyktardyn profilaktikasy men balalardyn kadagalausyz zhane panasyz kaluynyn aldyn alu turaly: *Kazakstan Respublikasynyn Zany*, 9 shilde, 591 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591> (otinim berilgen kuni: 19.01.2026).

С. Б. Абутаева*, А. Е. Жақсыбаева, М.С. Абдуллаева

аға оқытушы, abutaevas1899@gmail.com, М.Әуезов атындағы ОҚУ,

Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, ajgulzaksyбай@gmail.com, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Оқытушы, магистр, ab.ms@mail.ru, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан

**"ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТП" ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ КӘМЕЛЕТКЕ
ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының Конституциясы, "кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы" Заң және 2025-2030 жылдарға арналған заңдылық идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасы негізгі құқықтық негіздер ретінде талданады. Құқықтық тәртіп идеологиясы шеңберінде жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті мен сауаттылығын қалыптастыру тетіктері қарастырылады. Құқықтық білім берудің және мектептің, отбасының, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының рөлі атап өтіледі. Білім беру, тәрбие және цифрлық құралдарды кешенді пайдалану құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықтық сананы нығайтуға және қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді деген қорытынды жасалады. Заңға бағынатын мінез-құлықтың негізі ретінде ерте құқықтық әлеуметтенуге ерекше назар аударылады. Сабақтан тыс жұмыстарды қоса алғанда, жүйелі құқықтық оқыту Заңға құрмет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырады. Интерактивті әдістер, кейс-оқыту және цифрлық платформалар тиімді деп танылады. Сондай-ақ, жасөспірімдер қылмысының алдын алуда ведомствоаралық ынтымақтастықтың маңыздылығы атап өтіледі.

Кілттік сөздер: заң және тәртіп, кәмелетке толмағандар, құқық бұзушылық, құқықтық сауаттылық, құқықтық мәдениет, алдын алу.

С.Б.Абутаева*, А.Е. Жаксыбаева, М.С. Абдуллаева

старший преподаватель, abutaevas1899@gmail.com, Южно-Казахстанский университет имени

М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

старший преподаватель, ajgulzaksybaj@gmail.com, Южно-Казахстанский университет имени

М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Преподаватель, магистр, ab.ms@mail.ru, Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

**ПОВЫШЕНИЕ ПРАВОВОЙ ГРАМОТНОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ КАК
МЕХАНИЗМ ПРОФИЛАКТИКИ ПРАВОНАРУШЕНИЙ В РАМКАХ КОНЦЕПЦИИ
«ЗАКОН И ПОРЯДОК»**

Аннотация

В статье анализируются Конституция Республики Казахстан, Закон «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних» и Концепция продвижения идеологии законности на 2025–2030 годы как ключевые правовые основы. Рассматриваются механизмы формирования правовой культуры и грамотности подростков в рамках идеологии правопорядка. Подчеркивается роль правового образования и взаимодействия школы, семьи, государства и общества. Делается вывод, что комплексное использование образовательных, воспитательных и цифровых инструментов способствует профилактике правонарушений, укреплению правосознания и устойчивому развитию общества. Особое внимание уделяется ранней правовой социализации как основе законопослушного поведения. Отмечается, что системное правовое обучение, включая внеурочную деятельность, формирует уважение к закону и гражданскую ответственность. Эффективными признаются интерактивные методы, кейс-обучение и цифровые платформы. Также подчеркивается значение межведомственного сотрудничества в предупреждении подростковой преступности.

Ключевые слова: закон и порядок, несовершеннолетние, правонарушение, правовая грамотность, правовая культура, профилактика.

<https://doi.org/10.54251/2522-4026.2026.1.25au>

ӨОЖ 10.81.71.

К.Р. Сарыкулов, С.Б. Абутаева, Ж.А. Амирбеков, А.Т. Райымқұл
з.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
Оқытушы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан, Қазақстан
* Корреспондент авторы: abutaevas1899@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЛУДОМАНИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ АХУАЛ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАР

Түйін

Қазақстандағы лудомания мәселесі әлеуметтік, экономикалық және құқықтық тұрғыдан өзекті болып отыр. Құмар ойындарға тәуелділік, әсіресе жастар мен мемлекеттік қызметшілер арасында, жеке тұлғаның психикалық және қаржылық жағдайына, сондай-ақ отбасы мен әлеуметтік қатынастарға теріс әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, казино, букмекерлік кеңселер, ойын автоматтары және онлайн платформалардың өсуі лудоманияның таралуына ықпал етеді. Құмар ойындарға тәуелділік жеке тұлғаларға ғана емес, корпоративтік сектор мен мемлекеттік бюджетке де экономикалық зиян келтіреді. Мемлекеттік деңгейде «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шаралар қабылдануда, олар құмар ойындарға қатысуды шектеуге, жастарды қорғауға, заңсыз ойын мекемелерінің қызметін тоқтатуға және лудоманияға бейім азаматтарға қолдау көрсетуге бағытталған. Халықаралық тәжірибе құмар ойындардан түскен кірістің бір бөлігін алдын алу, емдеу және зерттеулерге бағыттаудың тиімділігін дәлелдейді. Заңнамалық реттеу, алдын алу шаралары, ақпараттандыру, корпоративтік саясат және психологиялық қолдауды біріктіретін кешенді тәсіл лудомания деңгейін төмендетуге, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және қоғамның тұрақты әрі жауапты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кілттік сөздер: лудомания, құмар ойын, бизнес, алдын алу шаралары, казино, жауапкершілік, онлайн ойын, қаржы.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында лудоманияның кеңінен таралуы ойын-сауық индустриясы нысандарының, атап айтқанда казинолардың, ойын автоматтары залдарының, букмекерлік кеңселердің және онлайн-бәс тігудің санының артуымен тікелей байланысты. Аталған ойын мекемелері Қапшағай су қоймасы маңындағы Алматы облысында және Ақмола облысының Бурабай ауданында орналасқан арнайы аймақтарда қызметін жүзеге асырады. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 307-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Заңнамаға сәйкес, ойын бизнесі тек арнайы айқындалған аумақтарда ғана орналастырылуы тиіс. Мысалы, 2020 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша 765 заңсыз ойын мекемесінің және 20 заңсыз онлайн-казиноның қызметі тоқтатылған. Жастар арасында құмар ойындардың алдын алу мақсатында бірқатар маңызды құқықтық шаралар қабылданды. Атап айтқанда, «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабында 21 жасқа толмаған азаматтардың, сондай-ақ құмар ойындарға қатысуына тыйым салынған тұлғалардың ойындарға қатысуына шектеу белгіленген. Бұл норманың негізгі мақсаты – жастарды құмар ойындардың жағымсыз салдарынан қорғау болып табылады [1].

Сонымен қатар, «Ойын бизнесі туралы» Заңның 11-бабының 3-тармағына сәйкес, казино, ойын автоматтары залдары, букмекерлік кеңселер мен тотализаторлар тек тұрғын емес ғимараттарда ғана орналасуы тиіс. Аталған объектілерді тұрғын үй-жайларда, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет мекемелерінде, ғибадат үйлерінде, мемлекеттік органдарда,

әуежайлар мен теміржол вокзалдарында, сондай-ақ қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлік станциялары мен аялдамаларында орналастыруға қатаң тыйым салынады. Бұл талаптар азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және, ең алдымен, жастарды құмар ойындардың зиянды ықпалынан қорғауға бағытталған [2].

Алайда, тәжірибеде заң шығарушылардың әрекеттері көбіне тікелей қолжетімділікті шектеумен ғана шектеліп отыр, әсіресе мәдени және білім беру мекемелерінің маңында ойын клубтарының орналасуына тыйым салу арқылы. Мұндай тәсіл мәселені толық шешпейді, себебі психолог ғалымдардың көпшілігі компьютерлік ойын клубтарының жаяу қолжетімді жерде орналасуы жастардың құмар ойындарға тартылуына айтарлықтай ықпал ететін факторлардың бірі екенін атап көрсетеді. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 219-III «Ойын бизнесі туралы» Заңына сәйкес электрондық казино мен онлайн-казино қызметін жүзеге асыруға тыйым салынған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу мәселелері бойынша заңнаманы талдау мен құмар ойындарды насихаттауға да жол берілмейді, бұл талап 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 508-II «Жарнама туралы» Заңда бекітілген. Алайда іс жүзінде кез келген компьютер пайдаланушысы YouTube платформасында фильмдер немесе басқа да бейнематериалдарды қарау барысында құмар ойындарға қатысты жарнамалардың кеңінен таралатынын байқауға болады, мұндай жарнамалар әлі күнге дейін өз ықпалын жоғалтпай отыр. «Ойын бизнесі туралы» Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасында жиырма бір жасқа толмаған тұлғалардың құмар ойындарға және (немесе) тотализаторларға қатысуына қатаң тыйым салынған. Ал ойындарды ұйымдастыру тәртібі, оларға рұқсат беру шарттары мен ойын түрлерін белгілеу ойын мекемелерінің әкімшілігінің құзыретіне жатады.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі таңда ойын автоматтары залдары, букмекерлік кеңселер мен онлайн-ставкалар негізінен Алматы облысындағы Қапшағай су қоймасы аумағында және Ақмола облысының Бурабай ауданында шоғырланған. Аталған аймақтарда құмар ойындардың сан алуан түрлерінің болуы ел аумағында құмар ойындардың кеңінен таралуына ықпал етуде. Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше рет халық арасында құмар ойындарға тәуелділіктің артуымен байланысты қылмыстың өсуіне жол бермеу қажеттігін атап өтіп, ойынға тәуелділікпен күреске бағытталған заңнамалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық-идеологиялық шаралар кешенін қабылдауды тапсырған. Мемлекет басшысы құмар ойындардың әлеуметтік және қылмыстық салдарларын ескере отырып, бұл проблеманы шешу үшін жүйелі әрі дәйекті шаралар қабылдаудың маңыздылығын үнемі атап келеді. Сонымен қатар, жастардың ерекше тәуекел тобына жататынына назар аударып, құқық қорғау органдарына құмар ойындарға тәуелділікпен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық және өзге де шараларды күшейтуді тапсырды [3].

Сондай-ақ ойын бизнесі саласындағы қаржылық және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты жандандыру қажеттілігі атап өтілді. 2024 жылғы наурыз айында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Үкіметке лудоманиямен күресудің кешенді жоспарын әзірлеп, бекіту жөнінде тапсырма берді, бұл жоспар зиянды тәуелділікті заңнамалық тұрғыдан шектеуді көздейді. Құмар ойындар әлемнің көптеген елдеріндегідей Қазақстан Республикасында да кеңінен таралған. 2024 жылғы мамыр айындағы деректерге сәйкес, ел аумағында ойын бизнесі саласында қызмет көрсетуге 28 қолданыстағы лицензия берілген, оның ішінде 6 казино, 9 ойын автоматтары залы, 12 букмекерлік кеңсе және 1 тотализатор бар. Құмар ойындар, негізінен, ойын-сауық пен бос уақытты өткізудің бір түрі ретінде қабылданғанымен, олар психоәлеуметтік тұрғыдан жағымсыз салдардың, атап айтқанда ойынға тәуелділіктің қалыптасу қаупімен сипатталады. Бұл тәуелділік денсаулыққа (физикалық және психикалық), әлеуметтік ортаға (отбасы, достар, қоғам) және экономикалық жағдайға (жұмыспен қамту, қаржылық тұрақтылық, қылмыс деңгейі) теріс әсер ететін факторлардың кең ауқымын қамтиды. Сонымен бірге, құмар ойындар ұлттық бюджетті толықтыратын маңызды кіріс көздерінің бірі болып табылады. Мәселен, Алматы

облысындағы Қапшағай су қоймасының жағалауында орналасқан ойын аймағында 4 казино, 3 Tiger ойын залы және 10 букмекерлік кеңсе жұмыс істейді. 2023 жылдың алдын ала қорытындылары бойынша аталған мекемелер мемлекет бюджетіне жалпы сомасы 96 млрд теңге көлемінде салық түсірген. Қонаев қаласында шамамен 6000 жұмыс орны ашылып, бұл өңірдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге өз үлесін қосты.

Қазақстан азаматтары арасында лудоманияның елеулі деңгейде таралуы және онлайн-құмар ойындардың қарқынды өсуі жағдайында әлеуметтік пайда мен әлеуметтік шығындар арасындағы оңтайлы теңгерімді табу маңызды қоғамдық міндет болып отыр. Осыған байланысты лудомания феноменін зерттеу Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық кеңістігіндегі өзекті әрі күрделі мәселелердің бірі ретінде құқықтық, экономикалық және әлеуметтанулық аспектілерді біріктіретін кешенді, пәнаралық тәсілді талап етеді. Лудоманияны төмендету стратегияларының теориялық және эмпирикалық негіздеріне талдау жасалды. Бұл талдау ойынға тәуелділікті әлеуметтік құбылыс және девиантты мінез-құлық нысаны ретінде қарастыратын пәнаралық зерттеуді қамтып, мәселенің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. Лудомания компульсивті құмар ойындар ұғымымен сипатталатын мінез-құлықтық бұзылыс болып табылады және құмар ойындарға тәуелділікпен көрініс табады. Ол рекреациялық сипаттағы құмар ойындардан ойын процесін бақылаудың жоғалуымен және ойыншының өміріне елеулі кері әсер етуімен ерекшеленеді. Уақыт өте келе құмар ойындар әдеттен тыс әуестікке айналып, адамның ойы мен мінез-құлқында басымдыққа ие болады, соның салдарынан оның психикалық саулығына, әлеуметтік қатынастарына және қаржылық жағдайына ауыр зиян келтіреді. «Лудомания» ұғымы латын тіліндегі *ludus* (ойын) және грек тіліндегі *mania* (ессіздік, құмарлық) сөздерінен туындаған. Бұл термин жағымсыз салдарларына қарамастан құмар ойындарға деген тоқтаусыз ұмтылысты білдіру үшін қолданылады. Аталған тәуелділікті сипаттау мақсатында ғылыми әдебиеттерде компульсивті құмар ойындар, патологиялық құмар ойындар, құмар ойындарға тәуелділік және құмар ойын мінез-құлқы сияқты ұғымдар да кеңінен пайдаланылады. Мұндай тәуелділік жеке тұлғаның өмір сапасына айтарлықтай зиян келтіріп, оның әлеуметтік және экономикалық жағдайының нашарлауына алып келуі мүмкін [4].

Құмар ойындардың түрлеріне тоқталсақ, лудомания құмар ойындардың кез келген нысанында көрініс табуы ықтимал. Слот-ойындар, рулетка, блэкджек сияқты казино ойындары тәуелділіктің қалыптасуымен жиі байланыстырылады. Сонымен қатар, лотереялар мен спорттық бәс тігу де кейіннен проблемалық мінез-құлыққа ұласуы мүмкін кең таралған құмар ойын түрлерінің қатарына жатады. Соңғы жылдары онлайн покер, интернет-казино ойындары және онлайн спорттық ставкалардың айтарлықтай өсуі байқалады. Бұл жағдай құмар ойындарға оңай әрі үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз етіп, тәуелділік қаупін күшейтеді. Бұдан бөлек, құмар ойындар достармен карта ойнау, спорттық іс-шараларға бәс тігу немесе әлеуметтік желілер арқылы ойындарға қатысу сияқты түрлі формаларда жүзеге асуы мүмкін. Аталған ойын түрлері бастапқыда қауіпсіз болып көрінгенімен, бақылаусыз жағдайда олар да тәуелділікке әкеліп, адамның өмірінің өзге салаларына теріс ықпал етуі ықтимал. Қазақстан Республикасының Үкіметі лудоманиямен күресуді күшейту мақсатында бірқатар жаңа шараларды қабылдады. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілерге, оның ішінде әскери қызметшілерге, бюджеттік ұйымдар басшыларына, арнайы және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне құмар ойындарға қатысуға тыйым салынды, ал бұл талаптарды бұзғаны үшін жұмыстан босатуға дейінгі тәртіптік жауапкершілік көзделген. Сонымен қатар, құмар ойындарға қатысуға шектеу қойылған тұлғалар тізімі кеңейтілді. Енді борышкерлердің бірыңғай тізілімінде тіркелген адамдарға бәс тігуге және құмар ойындарға қатысуға тыйым салынады. Бұл шешім лудоманиямен күрестің тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, корпоративтік деңгейде де маңызды екенін айқын көрсетеді.

Соңғы жылдары елдегі лудомания мәселесіне мемлекет тарапынан да, бизнес құрылымдар тарапынан да айтарлықтай көңіл бөлінуде. Қазақстанда құмар ойындарға тәуелді адамдардың саны шамамен 350 мыңға жетеді. Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне

сәйкес, елімізде 36 мың адам медициналық бақылауда тұрса, «лудомания» диагнозы ресми түрде небәрі 9 адамға ғана қойылған. Мемлекеттік қызметшілердің құмар ойындарға қатысуына тыйым салуды көздейтін заңнамалық түзетулер осы тәуелділікпен күресудегі маңызды қадамдардың бірі болды. Енгізілген новеллалар қатарында тұрғын аймақтарда ойын терминалдарын орналастыруға тыйым салу, букмекерлік ұйымдардың жарнамасына қойылатын талаптарды күшейту, сондай-ақ барлық ойыншылар үшін жас шегін 25 жасқа дейін ұлғайту бар. Бұл шектеулер мемлекеттік ресурстарға қол жеткізе алатын және жауапты шешімдер қабылдайтын тұлғалар арасындағы тәуекелдерді төмендетуге бағытталған. Аталған заң жеке сектор үшін де үлгі бола алады, себебі көптеген ұйымдар қызметкерлер арасында құмар ойындарға тәуелділік проблемасымен бетпе-бет келуде. Жұмыс берушілер лудоманияның алдын алуға мүдделі болуы тиіс, өйткені ол еңбек өнімділігіне, ұжымдық ахуалға және компанияның қаржылық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Institute for Business Ethics мәліметтері бойынша, қызметкерлердің құмар ойындарға тәуелділігінен туындайтын жаһандық экономикалық шығындар жыл сайын миллиардтаған АҚШ долларымен бағаланады. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында қызметкерлердің құмар ойындар салдарынан туындаған заңсыз әрекеттерінен келетін жыл сайынғы шығын шамамен 40 млрд долларды құрайды. Бұл шығындарға алаяқтық, ұрлық, еңбек өнімділігінің төмендеуі және денсаулық сақтау шығындарының артуы кіреді. Тарихи тәжірибеде ірі компаниялардың қызметкерлер лудоманиясына байланысты елеулі шығындарға ұшыраған жағдайлары белгілі. Мысалы, 2018 жылы Ұлыбританияда банк саласының қызметкері құмар ойындарға жұмсау үшін 2,5 млн фунт стерлинг ұрлағаны үшін сотталған. Аталған оқиға қаржылық сауаты жоғары тұлғалардың өзі де жұмыс берушілер үшін елеулі қауіп төндіретін лудоманияның құрбанына айналуы мүмкін екенін көрсетті. Қазақстанда ойын бизнесінің ресми көлемі жылдан жылға артып келеді [5].

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, тек 2023 жылдың өзінде Қазақстан Республикасында казино мен букмекерлік кеңселердің жиынтық кірісі 368,7 млрд теңгеден асып, ал соңғы бес жылдағы жалпы көрсеткіш 1 трлн теңгеден жоғары болды. Ойын бизнесі айналымының ұлғаюымен қатар алаяқтық фактілерінің саны да артып отыр, мұнда негізгі тәуекел тобына өздерінің «ұтыстарын» қайтадан ойынға салатын лудоманияға шалдыққан тұлғалар жатады. Компаниялар үшін өзекті мәселелердің бірі – қызметке қабылдау сатысында немесе тәуелділіктің бастапқы кезеңдерінде құмар ойындарға бейім адамдарды дер кезінде анықтау. Осыған байланысты бірқатар табысты ұйымдар лудоманиясы бар тұлғалардың штатқа қабылдануына жол бермеу мақсатында арнайы алдын алу тетіктерін қолданады. Алғашқы және маңызды қадам ретінде алдын ала тексерулер мен сұхбаттар жүргізіледі. Кейбір компаниялар лудоманиямен күресті персоналды іріктеу кезеңінен бастайды. Бұл ретте сауалнамалар мен сұхбаттарға үміткерлердің құмар ойындарға қатысты әдеттері жөніндегі сұрақтарды енгізу ықтимал тәуекел тобына жататын тұлғаларды анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай сұрақтар олардың құмар ойындарға көзқарасына, қатысу жиілігіне және ықтимал қауіптер туралы хабардарлығына бағытталады. Келесі кезеңде тестілеу әдістері қолданылады. Бірқатар компаниялар тәуелділікке және тәуекелді мінез-құлыққа бейімділікті айқындау үшін арнайы тесттерді пайдаланады. Бұл тестілер стресс жағдайына төзімділік, импульсивтілік деңгейі және құмар ойындарға бейімділік сияқты көрсеткіштерді бағалауға арналған сұрақтарды қамтуы мүмкін. Мысалы, Deloitte секілді ірі халықаралық корпорациялар қызметкерлерді бағалау бағдарламаларына психологиялық тұрақтылықты анықтауға бағытталған элементтерді енгізген.

Компаниялардағы лудоманияның алдын алу шараларының үшінші маңызды бағыты – жұмыс уақытын пайдалануды бақылау. Бұл мақсатта интернет-ресурстарды қолдануды бақылауға арналған мониторинг жүйелері енгізіледі. Аталған жүйелер жұмыс уақытында қызметкерлердің құмар ойын немесе казино сайттарына кіру фактілерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибеге тәуекелдердің алдын алу мақсатында қызметкерлерінің желідегі мінез-құлқын белсенді түрде қадағалайтын Goldman Sachs инвестициялық банкінің саясатын мысал ретінде келтіруге болады. Сонымен қатар, көптеген ұйымдар құпия және анонимді

сауалнамалар жүргізу тәжірибесін қолданады. Бұл сауалнамалар лудоманияға ұшырау қаупі бар қызметкерлерді анықтауға бағытталған және қызметкерлерге әріптестеріне қатысты алаңдаушылық білдіруге немесе өз бетімен көмек сұрауға мүмкіндік береді. Профилактиканың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қызметкерлердің құмар ойындарға байланысты тәуекелдер мен тәуелділікпен күресу тәсілдері туралы ақпараттандыруды көздейтін тренингтер мен білім беру бағдарламаларын өткізу аталады. Мәселен, Жапония мен Швецияда мұндай іс-шаралар компаниялардың психикалық денсаулықты қолдауға бағытталған кешенді саясатының ажырамас бөлігі ретінде тұрақты түрде ұйымдастырылады [6].

Нәтижелер және талқылау

Лудоманияның қаржылық салдарлары аса ауыр сипатқа ие. Құмар ойындарға деген бақылаусыз әуестік көбіне терең қарызға батуға алып келеді, нәтижесінде ойыншылар банктерден, жеке несие берушілерден немесе тіпті отбасы мүшелерінен ірі көлемде қарыз алуға мәжбүр болады. Тәуелділікті қаржыландыру мақсатында проблемалы ойыншылар жеке көліктерін, зергерлік бұйымдарын және өзге де құнды мүліктерін сатуға дейін барып, айтарлықтай материалдық шығындарға ұшырайды. Құмар ойындардың салдарынан жиналған берешектер банктік ұйымдармен, микрокредиттік мекемелермен және коллекторлық агенттіктермен күрделі құқықтық және қаржылық мәселелердің туындауына себеп болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда проблемалы ойыншылар қарыз міндеттемелерін орындамағаны немесе құмар ойындарға байланысты заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сот жауапкершілігіне тартылуы ықтимал. Лудомания адамның қаржыны жауапкершілікпен жоспарлау және басқару қабілетін әлсіретіп, шамадан тыс шығындар мен тұрақты қаржылық тұрақсыздыққа әкеледі. Осыған байланысты лудоманияны анықтау мен емдеу нақты мінез-құлықтық және психологиялық көрсеткіштерге негізделеді. Лудомания диагнозы Психикалық бұзылулардың диагностикалық және статистикалық нұсқаулығында (DSM-5) және Аурулардың халықаралық жіктелуінде (ICD-11) айқындалған өлшемдерге сәйкес қойылады. Аталған критерийлер бақылауды жоғалту, жағымсыз салдарға қарамастан құмар ойындарға мәжбүрлі түрде ұмтылу және айқын психологиялық күйзеліс белгілерін қамтиды. Бұл өлшемдер құмар ойындарға тәуелділігі бар тұлғаларды анықтауға бағытталған.

Негізгі диагностикалық белгілердің қатарына құмар ойындарға байланысты тұрақты әрі қайталанатын ойлану, қажетті толқуды сезіну үшін барған сайын көбірек қаржы жұмсау қажеттілігінің артуы, ойынды қысқарту немесе толық тоқтатуға бағытталған қайталанатын, бірақ нәтижесіз әрекеттер, сондай-ақ ойыннан бас тартуға тырысқанда тітіркену мен мазасыздықтың пайда болуы жатады. Сонымен қатар, бастапқы кезеңде құмар ойындар жеке немесе эмоциялық қиындықтардан уақытша арылу құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Алайда уақыт өте келе айтарлықтай қаржылық шығындар орын алады, ойын мәселесінің ауқымын жасыру мақсатында жақын адамдарға жалған ақпарат беріледі, жеке, кәсіби және әлеуметтік қатынастар бұзылады. Құмар ойындардан туындаған шығындарды өтеу үшін несие алу немесе қарызға жүгіну тәжірибесі кеңінен таралады [7].

Білім беру және ақпараттандыру шараларымен қатар, құмар ойындарға қолжетімділікті шектеу және тәуелділіктің қалыптасу қаупін төмендету мақсатында түрлі қорғаныс тетіктерін енгізу мүмкін. Мұндай шаралардың қатарына жас бойынша шектеулер белгілеу, бәс тігу мөлшеріне лимит қою, онлайн құмар ойын платформаларына қол жеткізуді бұғаттау жүйелерін қолдану, жеке тұлғаны сәйкестендіру рәсімдері мен қаржылық операцияларды бақылау бағдарламалары жатады. Сонымен бірге спорттық іс-шараларға қатысу, шығармашылық хоббиермен айналысу және қоғамдық белсенділікті арттыру сияқты құмар ойындарға балама пайдалы әрекеттерді насихаттаудың маңызы зор. Бұл қорғаныс шаралары проблемалық құмар ойындарға бейім адамдардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ете отырып, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтай отырып, теңгерімді түрде іске асырылуы тиіс.

Құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу бағытындағы шаралар «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген. Аталған заң ірі ойын операторларына

ойыншыларды құмар ойындарға тәуелділіктен қорғау үшін тиісті қорғаныс тетіктерін қабылдауды міндеттейді, сондай-ақ жастарды қорғауға бағытталған нақты талаптарды қамтиды. Мәселен, кәмелетке толмаған тұлғалардың кең ауқымды онлайн ойындарға қатысуына тыйым салынады. Сонымен қатар, құмар ойын операторлары әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын әзірлеп, қабылданған қорғау шараларының тиімділігі туралы жыл сайын есеп беруге міндетті. Ойын қызметіне рұқсат бермес бұрын лотерея, спорттық бәс тігу немесе шеберлік ойындары ұсыныстарының тәуелділікке бейімділік деңгейін бағалау қажеттігі белгіленген. Анықталған тәуекел деңгейіне байланысты операторларға құмар ойындарға қатысты қосымша қорғаныс шараларын енгізу міндеті жүктеледі. Осы мақсатта уәкілетті органдар сауда нүктелерінде тиісті тексерулер жүргізе алады. Қазақстан Республикасында лудоманияның алдын алу тетіктерін жетілдіру барысында оң шетелдік тәжірибені ескеру орынды. Мысалы, Швейцариядағы Ойын бизнесі туралы келісімнің (CSJA) 66-бабына сәйкес кантондар лудоманияның алдын алу шараларын қаржыландыру үшін арнайы төлемдер алады. Бұл төлемдер кантон аумақтарындағы лотереялар мен спорттық бәс тігу ұсыныстарынан алынатын жылдық жалпы ойын кірісінің 0,5 пайызын құрайды. 2024 жылы лотерея компаниялары құмар ойындарға тәуелділікпен күрес мақсатында кантондарға шамамен 5,8 млн швейцариялық франк көлемінде қаражат аударған. Кантондар өз кезегінде бұл қаражатты құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу және емдеу шараларына бағыттауға міндетті. Бөлінген қаржы профилактика, емдеу, ғылыми зерттеулер, сондай-ақ оқыту және кәсіби дамыту іс-шараларын қаржыландыруға мақсатты түрде пайдаланылады [8].

Аталған төлемдер есебінен босатылған ресурстардың арқасында Швейцарияда қазіргі таңда шамадан тыс құмар ойындарға қатысты мәселелермен айналысатын мамандандырылған ұйымдар мен қызметтер жүйесі қалыптасқан. Бұл құрылымдар профилактикалық жобаларды әзірлеп, арнайы қызметтер ұсынады. Кантондарда профилактикалық алымдардың пайдаланылуын бақылау мақсатында Gespa ұйымы CSJA атынан жыл сайын сауалнама жүргізіп, нақты пайдаланылған қаражат көлемін, әртүрлі қызмет көрсетушілерге төленген төлемдерді және қабылданған шаралардың сипатын ашық түрде жариялайды. Gespa әр төрт жыл сайын профилактикалық төлемдердің қолданылуы жөнінде жиынтық есеп ұсынады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, лудоманиямен нәтижелі күрес тек алдын алу шараларымен шектелмей, тәуелділікке тап болған тұлғаларға жан-жақты қолдау көрсетуді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Көптеген мемлекеттерде компаниялар қызметкерлерге психологтар мен тәуелділік саласындағы мамандардың кеңестерін ұсынатын қолдау бағдарламаларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Мәселен, АҚШ-та лудоманиядан зардап шегетін қызметкерлерге құпия кеңес беру мен қолдау көрсететін Employee Assistance Program (EAP – қызметкерлерді қолдау бағдарламасы) кеңінен қолданылады. Лудоманиямен күрес корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік аясында бизнестің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Көптеген ірі корпорациялар бұл мәселенің маңыздылығын түсініп, арнайы профилактикалық бастамаларды іске асыруда. Мысалы, Ұлыбританияда GamCare қайырымдылық ұйымы жұмыс берушілермен және қызметкерлермен тығыз ынтымақтастық орнатып, білім беру ресурстары мен оқыту тренингтерін ұсынады. Тиімді алдын алу тетіктерінің бірі ретінде жұмыс уақытында құмар ойындарға тыйым салу қарастырылады. Кейбір елдерде компаниялар қызметкерлердің жұмыс уақытында немесе кеңсе аумағында құмар ойындарға қатысуына жол бермейтін қатаң ішкі ережелер енгізген. Мұндай шектеулер тәуелділікке байланысты тәуекелдерді азайтып, қызметкерлердің жұмыс міндеттерін орындау барысында ойындарға алаңдамауына мүмкіндік береді.

Қорытындылар

Қазақстанда лудомания мәселесі мемлекеттік қызметшілерге құмар ойындарға тыйым салуды көздейтін заң қабылданғаннан кейін кеңінен талқылана бастады. Алайда қазіргі таңда жеке сектор да ойынға тәуелділікпен күрестің маңызын түсіне бастады. Кейбір ірі компаниялар, әсіресе мұнай-газ саласында, қызметкерлерді қолдау бағдарламаларын енгізіп, психологтардың кеңестерін және қиын жағдайға тап болғандар үшін сенім телефондарының жұмысын ұйымдастыруда [9].

